

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 174-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 43-бап мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Әуеайлақ маңындағы аумақта орналасқан, оның ішінде осы Кодекстің 43-1, 44, 44-1, 45 және 119-2-баптарына сәйкес берілетін жер учаскелерін беру, сондай-ақ осы Кодекстің 48-бабына сәйкес жер учаскелеріне құқықтарды алу Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

2) 115-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде:

"кеден органдары" деген сөздер "кедендік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тіреуіштерді" деген сөзден кейін ", автоматтандырылған өлшеу станцияларын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 117-баптың бірінші бөлігіндегі "Әуе көлігінің қажеттеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесінің меншік иесімен немесе жер пайдаланушысымен (жалға алушымен) шарт жасасу кезінде бір жыл ішінде үш айдан аспайтын шектеулі кезеңде пайдаланылатын қону алаңдарын қоспағанда, әуе көлігінің мұқтаждарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 121-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әуеайлақ маңындағы аумақ;".

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

49-баптың 1-тармағының 39) тармақшасында:

"пайдалануды" деген сөз "пайдалану" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қызметін реттейтін" деген сөздер "қызметі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 124-б-бап мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

"10-2) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеуші төлемді есептеу және төлеу қағидаларын теміржол көлігі

саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;"

2) 140-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 18) тармақшасындағы "жол бойында" деген сөздер алып тасталсын.

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

491-баптың үшінші бөлігінің 5) тармақшасы "көтеруге" деген сөзден кейін "(суға батқан мүлікті аластауға)" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

141-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"141-бап. Азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы жұмыскерлердің еңбегін реттеу

Азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы жұмыскерлердің еңбегі:

1) ұшу қауіпсіздігіне, оның ішінде әуе қозғалысына қызмет көрсетуге тікелей байланысты авиация персоналы үшін жұмыс уақыты мен тынығу уақыты режимі ұзақтығының ерекше нормаларын белгілейтін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодексте реттеледі;

Осындай ерекше нормалар азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы халықаралық стандарттар мен нормативтер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделуі мүмкін;

2) авиациялық оқиғалар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын авиация персоналы мен өзге де жұмыскерлер үшін тәртіптік және (немесе) материалдық жауаптылыққа тартудың ерекше нормаларын;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторлары үшін шектеулер мен тәртіптік жазалау түрлерін көздейтін ерекше нормаларды белгілейтін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодексте реттеледі."

6. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

355-баптың 7-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы "көтеру" деген сөзден кейін "(суға батқан мүлікті аластау)" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 28-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде кадрлардағы елішілік құндылық шарттары осы Кодекстің 36-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері Каспий немесе Арал теңізінің қазақстандық секторы шегінде толық немесе ішінара орналасқан жер қойнауы учаскелеріндегі күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттарға қолданылмайды.";

2) 36-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нысаны мен мазмұны";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3 және 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттарына және пайдалы қазба түріне қарай үлгілік келісімшарттардың мынадай нысандарын бекітеді:

1) күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

2) күрделі жоба бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

3) көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

4) көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшарт;

5) уран өндіруге арналған үлгілік келісімшарт.

1-2. Осы Кодекстің мақсаттары үшін күрделі жобаларға мыналар жатады:

1) Каспий немесе Арал теңізінің қазақстандық секторы шегінде толық немесе ішінара орналасқан жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) кез келген көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді көздейтін теңіз жобалары;

2) мынадай:

құрамында дәстүрлі емес көмірсутектер қоры болатын;

анықталған көмірсутектер кенжатынының (кен орнының) ең жоғарғы нүктесінің абсолюттік тереңдігі 4500 метрден кем болмайтын;

табылған кенжатындағы (кен орнындағы) күкіртті сутектің құрамы қабаттық флюидте 3,5 және одан да көп пайызды құрайтын;

табылған кенжатын (кен орны) ұңғыманың оқпанындағы сұйықтықтың тығыздығы 1000 кг/м³ болатын гидростатикалық қысымға қабаттық қысымның қатынасы ретінде айқындалатын, аномальдық коэффициенті 1,5 және одан жоғары аномальдық жоғары қабаттық қысыммен сипатталатын;

табылған кенжатын (кен орны) қалыңдығы 100 метрден асатын тұзды шөгінділердің астында орналасатын;

табылған кенжатын құрылымдық емес тұтқыштарға жататын параметрлердің кем дегенде біреуі болатын жер қойнауының кез келген учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруді көздейтін құрлықтағы жобалар;

3) газ немесе газ конденсатының кенжатыны немесе мұнайға қаныққан бөлігі көлемінің үлесі кенжатынның немесе кен орнының жалпы көмірсутектер көлемінің жиырма бес және одан аз пайызы болатын кен орны бар жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді көздейтін құрлықтағы газ жобалары.

1-3. Күрделі жобаға жатқызуға мүмкіндік беретін геологиялық ақпараты жоқ құрлықтағы жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

Мұндай жағдайда жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 116-бабының 2-тармағында белгіленген барлау кезеңінің ішінде кез келген уақытта төменде көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен:

1) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған, кен орнының осы баптың 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген күрделі жобалар өлшемшарттарының кем дегенде біреуіне сәйкестігін растайтын, геологиялық қорларды жедел есептеу жөніндегі есеппен;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған, кен орнының осы баптың 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген күрделі жобалар өлшемшарттарының кем дегенде біреуіне сәйкестігін растайтын, геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есеппен күрделі жобаның мәртебесін растайды.

Күрделі жобаның мәртебесін осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының таңдауы бойынша жүргізілген растау түпкілікті болып табылады және барлау кезеңінің тиісті келесі кезеңдерінде және (немесе) өндіру кезеңінде қосымша растауды талап етпейді.

Күрделі жоба бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі ішінде күрделі жобаның мәртебесі расталмаған жағдайда, өндіру кезеңіне өту кезінде мұндай келісімшарттың талаптары осы Кодекстің 119-бабына сәйкес көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келтірілуге тиіс.

1-4. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша табылған кен орындарынан ең болмағанда бір кен орны осы баптың 1-2-тармағында көрсетілген күрделі жоба өлшемшарттарының біріне сәйкес келсе, мұндай кен орындарына осы Кодекстің күрделі жобалар үшін белгіленген ережелері күрделі санаттарға жататын кен

орнының (кен орындарының) бастапқы алынатын көмірсутек қорлары үлесінің келісімшарт бойынша табылған барлық кен орындарының бастапқы алынатын қорларының жартысынан астамын құрау шартымен қолданылады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта қамтылатын міндетті шарттардың қатарына мыналар жатады:";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт мынадай шарттарды қамтуға тиіс:

- 1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрі;
- 2) келісімшарттың қолданылу мерзімі;
- 3) жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекаралары;
- 4) жер қойнауын пайдаланушының жұмыстар (қосымша жұмыстар) бағдарламасында көзделген, барлау кезеңіндегі жер қойнауы учаскесіндегі жылдар бойынша жұмыстардың көлемдері, түрлері және мерзімдері бойынша міндеттемелері;
- 5) жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелері;
- 6) жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша міндеттемелері;
- 7) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелері және осындай міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдері;
- 8) жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар бойынша міндеттемелері;
- 9) салық салу және кедендік әкету баждарын төлеуден босату шарттары;
- 10) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы;
- 11) кадрлардағы елішілік құндылықтың үлесі;
- 12) тиісті күрделі жобаға осындай талап қолданылған жағдайда жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылықтың үлесі;
- 13) келісімшарттың қолданылу мерзімін өзгерту және ұзарту шарттары мен тәртібі;
- 14) дауларды шешу тәртібі;
- 15) көмірсутектердің ірі кен орындары үшін осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделген міндеттеме;
- 16) жер қойнауын пайдалану құқығы берілген және (немесе) тиісті үлгілік келісімшартта көрсетілген өзге де шарттар.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты қоспағанда, көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі онда дәйекті түрде бекітілген барлау кезеңімен, дайындық кезеңімен (қажет болған кезде) және өндіру кезеңімен айқындалады.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі бірлескен болып табылады және осы Кодекстің 116-бабының 2-тармағына сәйкес бастапқы барлау кезеңін, бағалау кезеңін және сынап пайдалану кезеңін қамтитын барлау кезеңінен және ірі кен орындары үшін осы Кодекстің 119-бабының 1-1-тармағында көзделген өндіру кезеңінен тұрады.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты қоспағанда, көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі онда дәйекті түрде бекітілген дайындық кезеңімен және өндіру кезеңімен айқындалады.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі осы Кодекстің 119-бабының 1-1-тармағына сәйкес айқындалатын өндіру кезеңінің мерзімі негізінде белгіленеді.

5. Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларының дәлелдемелерін ұсынатын болса, құзыретті орган барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың, өндіруге арналған келісімшарттың, күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың немесе күрделі жоба бойынша көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін осындай мән-жайлардың әсер ету мерзіміне ұзартады.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттағы кадрлардағы елішілік құндылық үлесін жер қойнауын пайдаланушы мыналарды:

1) жер қойнауын пайдаланушының басқарушылық және әкімшілік мұқтаждарына қарай оның шетелдік немесе қазақстандық кадрларды қажетсінуін;

2) Қазақстан Республикасының нарығында жер қойнауын пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес келетін белгілі бір санат бойынша білікті қазақстандық персоналдың болуын;

3) тағылымдаманы қоса алғанда, қазақстандық кадрларды кезең-кезеңімен оқытуды және басшы санаттар бойынша шетелдік кадрларды қазақстандық кадрлармен кейіннен біртіндеп ауыстыруды ескере отырып айқындайды.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта мамандар мен білікті жұмысшылар бойынша кадрлардағы

елішілік құндылықтың ең аз үлесі келісімшартты орындау кезінде тартылған персоналдың тиісті санат бойынша жалпы санының кемінде жетпіс пайызын құрауға тиіс.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Егер жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес иелерінің ең болмағанда біреуі шетелдік, шетелдік заңды тұлға немесе шетел қатысатын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылса, онда осындай жер қойнауын пайдаланушымен күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша ағылшын тілінде де жасалады.";

7-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген кепілдіктер осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, салық салу, кедендік реттеу және бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасындағы өзгерістерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген кепілдіктер күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндірілген шикі мұнайға кедендік әкету баждарын төлеуден уақытша босатуды көздейтін Қазақстан Республикасының кедендік реттеу саласындағы заңнамасындағы өзгерістерге қолданылады.";

3) 37-бапта:

2-тармақтың 9) тармақшасындағы "өзгертілген жағдайларда жасалады." деген сөздер "өзгертілген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) келісімшарт талаптары оның күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартқа жатқызылуына байланысты өзгертілген;

11) келісімшарт талаптары барлау нәтижелері бойынша күрделі жоба мәртебесінің расталмауына байланысты өзгертілген;

12) осы Кодекстің 36-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда жасалады.";

8-тармақтағы "9)" деген цифр "12)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

4) 38-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) келісімшарт жасалған мерзім өткен;"

5) 49-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілер құратын немесе айқындайтын, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының өкілі ретінде әрекет ететін заңды тұлға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі кен орны, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша оператор болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт немесе лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын жалғыз иеленуші болып табылатын тұлға оператор болып тағайындалмайды.";

6) 55-баптың 2-тармағындағы "Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну" деген сөздер "Жер қойнауын пайдаланушының мұндай қамтамасыз етуді ұсынуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 56-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда, кепілдікке орай кепілгер Қазақстан Республикасының алдында осы Кодекске сәйкес айқындалатын толық ақшалай соманы төлеу бойынша жауапты болады.";

2-тармақтың екінші сөйлемі "кепілгерлер" деген сөзден кейін ", егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде берілетін кепілдіктердің ерекшеліктері осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленеді.";

8) 70-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы үшінші абзацындағы "үшін берілетін аумақтардың географиялық координаттары;" деген сөздер "үшін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"күрделі жобалар ретінде көмірсутектерді барлау және өндіру немесе өндіру үшін берілетін аумақтардың географиялық координаттары;"

9) 78-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"78-бап. Жер қойнауын пайдалануға байланысты дауларды шешу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес реттелуге жатады.

2. Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша туындаған даулар жер қойнауын пайдаланушының таңдауы бойынша келісімшарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда

құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығындағы немесе одан тысқары жердегі төрелікте шешілуге жатады.";

10) 95-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционды өткізу туралы хабархатта осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 11), 13) және 14) тармақшаларын қоспағанда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, аукционға қатысуға мүдделі тұлғаның аукционға қатысуға арналған өтінішінде осы Кодекстің 36-бабының 5-1-тармағына сәйкес кадрлардағы елішілік құндылық бойынша ең төменгі міндеттемені айқындауы туралы талабы да қамтылуға тиіс.";

11) 96-баптың 3-тармағы 5) тармақшасындағы "құжат қоса беріледі." деген сөздер "құжат;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскелерінде жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда, осы Кодекстің 36-бабының 5-1-тармағына сәйкес өтініш иесі айқындаған кадрлардағы елішілік құндылық бойынша ең төменгі міндеттемелер қоса беріледі.";

12) 100-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

13) 103-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көмірсутектер саласындағы ұлттық компания бекіткен және құзыретті органмен келісілген талаптарға сәйкес келетін, көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша инвестициялық қаржыландыруды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді немесе көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша қол қою бонусын өтеу жөніндегі міндеттемелерді өзіне алған заңды тұлға немесе заңды тұлғалардың консорциумы көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның стратегиялық әріптесі болып танылуы мүмкін.

Стратегиялық әріптесті ұлттық компания тікелей келіссөздер жүргізуге өтініш берген кезде айқындайды.";

7-тармақтың бірінші бөлігінің екінші сөйлемі алып тасталсын;

14) 106-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"106-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мынадай жағдайларда:

1) егер күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы қорларды есептеу жөніндегі есебі осы Кодексте көзделген жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған кен орнын анықтамаса;

2) құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын осы бапта көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатса;

3) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін жер қойнауының бүкіл учаскесін қайтарса;

4) осы Кодексте көзделген өзге де жағдайларда, өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мынадай:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған тиісті жобалау құжаттарыңызсыз көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, осы Кодекстің 44-бабы 1-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда, біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.";

15) 110-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартқа сәйкес көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары мыналар ескеріле отырып, оның ажырамас бөлігі болып табылатын осындай келісімшартқа қосымшада белгіленеді:

1) көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша көмірсутектерді барлау немесе өндіру учаскесінің бастапқы кеңістіктік шекаралары мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына сәйкес айқындалады;

2) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау мақсатында көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде, сондай-ақ күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша бағалау кезеңіне өту кезінде барлау

учаскесінің (учаскелерінің) кеңістіктік шекаралары өздерінің шегінде бағалауды талап ететін табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурлары толық немесе ішінара орналасқан блоктарды қамтиды;

3) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынап пайдалану мақсатында көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау учаскесінің (учаскелерінің) кеңістіктік шекаралары өздерінің шегінде сынап пайдалануды жүргізу жоспарланып отырған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурлары толық немесе ішінара орналасқан блоктарды қамтиды;

4) көмірсутектерді өндіру учаскесінің (учаскелерінің) кеңістіктік шекаралары (жоғарғы шекараны қоспағанда) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есепке сәйкес айқындалатын кен орны контурларының негізінде белгіленеді.

Егер барлау учаскесінің шегінде бірнеше жекелеген кен орны ашылса, жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары әрбір жекелеген кен орны үшін белгіленеді;

5) көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша бастапқы жер қойнауы учаскесін ұлғайту мақсаттары үшін сұралатын жер қойнауы учаскесінің кеңістіктік шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурларын белгілейтін тиісті базалық жобалық құжатқа толықтыруға сәйкес жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша (жер қойнауының сұратылған учаскесінің жер қойнауын пайдаланудан бос болуы тұрғысынан) айқындалады;

6) осы Кодекстің 114-бабына сәйкес мемлекетке қайтару арқылы жер қойнауы учаскесі азайғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыда қалатын, көмірсутектерді барлау немесе өндіру учаскесінің кеңістіктік шекараларын жер қойнауын пайдаланушы айқындайды;

7) көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауы учаскесі осы Кодекстің 115-бабына сәйкес бөліп шығарылған жағдайда, барлау немесе өндіру учаскелерінің кеңістіктік шекаралары (жер қойнауының негізгі және бөліп шығарылатын учаскелері):

барлау учаскесінің бір бөлігін бөліп шығару кезінде – жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, барлау жұмыстарының жобасына жер қойнауының негізгі және бөліп шығарылатын учаскелерінде табылған тиісті кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстар жүргізуді көздейтін толықтыруларға сәйкес;

барлау немесе өндіру учаскесін бөліп шығару кезінде бөліп шығару жүргізілетін, көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген жер қойнауының тиісті учаскелері бойынша деректер негізінде айқындалады.

Құзыретті орган жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) кеңістік шекаралары туралы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген ақпаратты жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасау тәртібімен жібереді.";

16) 111-баптың 2-тармағы "бекітуді" деген сөзден кейін ", көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне өтуді" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 115-бапта:

1-тармақ 4) тармақшасындағы "бекітілсе жүргізіледі." деген сөздер "бекітілсе;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) өндіру учаскесін бөліп шығару осы Кодекстің 119-бабының 18-2 және 18-3-тармақтарында көзделген жағдайларда жүргізіледі.";

2-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесін бөліп шығару бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) жер қойнауы учаскесін бөліп шығару жүргізілетін барлауға және өндіруге арналған келісімшарт осы Кодекс қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған, оның ішінде келісімшарт осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және барлау кезеңінде құзыретті орган бекіткен көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өткен;"

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың екінші бөлігінің талабы осы Кодекстің 119-бабының 18-2 және 18-3-тармақтарында көзделген жағдайларда жер қойнауы учаскелерін бөліп шығаруға қолданылмайды.";

6-тармақта:

1) тармақшадағы "айқындайтын аумақты белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа толықтыру" деген сөздер "белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа толықтыру, сондай-ақ барлау учаскесінің бір бөлігі бөліп шығарылған жағдайда, бөліп шығарылатын жер қойнауы учаскесіне жататын жұмыстардың түрлері мен көлемдеріне азайтылған жұмыстар бағдарламасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "осы баптың 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін, құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған

үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, өтініш иесі қол қойған көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт" деген сөздер "құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген және осы баптың 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін, өтініш иесі қол қойған көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт, сондай-ақ барлау учаскесінің бір бөлігі бөліп шығарылған жағдайда, бөліп шығарылатын жер қойнауы учаскесіне жататын жұмыстардың түрлері мен көлемдері қамтылған жұмыстар бағдарламасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте барлау учаскесінің бір бөлігі бөліп шығарылғанға дейін барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жұмыстарының бағдарламасында көзделген жұмыс түрлері мен көлемдері жер қойнауының негізгі учаскесі бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруда және бөліп шығарылған жер қойнауы учаскесі бойынша жасалған барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көзделген жұмыс түрлері мен көлемдерінен кем болмайды.";

18) 116-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"116-бап. Көмірсутектерді барлау кезеңі

1. Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты жасасу кезінде барлау кезеңінің ең көп ұзақтығы қатарынан келетін алты жылдан аспайды. Көрсетілген кезеңде жер қойнауын пайдаланушы барлау учаскесінде кен орындарын сынап пайдалануды қоса алғанда, оларды іздестіру мен бағалау бойынша кез келген жұмысты жүргізуге құқылы.

Құзыретті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзімдер шегінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін аукцион өткізу туралы хабархатта не көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша белгілейді.

2. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты жасасу кезінде барлау кезеңінің ұзақтығы он сегіз жылды құрайды және мыналарды:

- 1) барлаудың тоғыз жылға тең бастапқы кезеңін;
- 2) алты жылға тең бағалау кезеңін;
- 3) үш жылға тең сынап пайдалану кезеңін қамтиды.

Барлаудың бастапқы кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы барлау учаскесінде табылған кенжатынды (кен орнын) сынап пайдалануды қоса алғанда, іздестіру және бағалау бойынша кез келген жұмысты жүргізуге құқылы.

Бағалау кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы барлау учаскесінде сынап пайдалануды қоса алғанда, табылған кенжатынды (кен орнын) бағалау бойынша кез келген жұмысты жүргізуге құқылы.

Сынап пайдалану кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы барлау учаскесінде табылған кенжатынды (кен орнын) сынап пайдалану бойынша кез келген жұмысты жүргізуге құқылы.

Бағалау кезеңіне өту жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүзеге асырылады, ол осы баптың 5-тармағына сәйкес күрделі жоба бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруға қол қою арқылы барлаудың бастапқы кезеңі аяқталғанға дейін берілуге тиіс.

Егер жер қойнауын пайдаланушы бағалау кезеңіне өтпесе, бұл жағдайда барлау кезеңі бағалау кезеңін және сынап пайдалану кезеңін қамтымайды және барлаудың бастапқы кезеңінен ғана тұрады.

Сынап пайдалану кезеңіне өту жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүзеге асырылады, ол осы баптың 5-тармағына сәйкес күрделі жоба бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруға қол қою арқылы бағалау кезеңі аяқталғанға дейін берілуге тиіс.

Егер жер қойнауын пайдаланушы сынап пайдалану кезеңіне өтпесе, бұл жағдайда барлау кезеңі сынап пайдалану кезеңін қамтымайды және барлаудың бастапқы кезеңінен, сондай-ақ бағалау кезеңінен тұрады.

3. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша бағалау кезеңіне өту туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауын пайдаланушы бағалау кезеңінде тиісті жер қойнауы учаскесінде орындауға міндеттенетін жылдар бойынша қосымша жұмыстардың көлемін, сипаттамасын және орындалу мерзімдерін қамтитын қосымша жұмыстар бағдарламасы;

2) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған, тереңдігі бойынша барлау учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын белгілеуді қоса алғанда, оның (олардың) шегінде табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурлары орналасқан блоктардан тұратын барлау учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын белгілеуді көздейтін келісімшартқа толықтыру;

3) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның бағалау жүргізу жоспарланатын кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурлары көрсетіле отырып, жер қойнауы учаскесі шегінде көмірсутектер кенжатынының (кенжатындар жиынтығының) табылғаны туралы осы Кодекстің 121-бабының 3-тармағына сәйкес берген қорытындысы.

4. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша сынап пайдалану кезеңіне өту туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауын пайдаланушы сынап пайдалану кезеңінде тиісті жер қойнауы учаскесінде орындауға міндеттенетін жылдар

бойынша қосымша жұмыстардың көлемін, сипаттамасын және орындалу мерзімдерін қамтитын қосымша жұмыстар бағдарламасы;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды жедел есептеу жөніндегі есеп.

5. Бағалау кезеңіне немесе сынап пайдалану кезеңіне өту туралы өтініш жиырма жұмыс күні ішінде қаралады. Оны қарау нәтижелері бойынша бағалау кезеңіне немесе сынап пайдалану кезеңіне өту үшін бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының өтінішін қарау туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының бағалау кезеңінде немесе сынап пайдалану кезеңінде қосымша жұмыстар бағдарламасын орындау жөніндегі міндеттемелерін, сондай-ақ осы Кодекстің 110-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес барлау учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын белгілеуді көздейтін келісімшартқа толықтыруға қол қояды.

Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыға бағалау кезеңіне немесе сынап пайдалану кезеңіне өтуден мынадай жағдайларда:

1) осы баптың 3 (бағалау кезеңіне өту кезінде) немесе 4-тармағында (сынап пайдалану кезеңіне өту кезінде) көзделген құжаттар ұсынылмаса;

2) өтініш белгіленген мерзім өткеннен кейін берілсе, бас тартады.

6. Күрделі жоба бойынша жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша бағалау кезеңіне өту кезінде жер қойнауы учаскесінен барлау учаскесінің кеңістіктік шекараларына кірмейтін блоктар алып тасталады.

7. Егер күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі ішінде ұңғыманы бұрғылау нәтижелері бойынша жер қойнауы учаскесінде осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттардың кемінде біреуінің болуы расталатын болса, мұндай келісімшарт бойынша барлау кезеңінің ұзақтығы барлаудың іс жүзіндегі мерзімі шегеріле отырып, осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес, жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша белгіленеді. Бұл ретте келісімшарт талаптары осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шарттарға сәйкес өзгертілуге жатады.

Жер қойнауы учаскесін күрделі жобаларға жатқызу және келісімшарт талаптарын өзгерту туралы өтініш құзыретті органға мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1) күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес барлауға және өндіруге арналған келісімшартты жаңа редакцияда жазуды көздейтін келісімшартқа толықтыру жобасы;

2) жер қойнауы учаскесінде осы Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген өлшемшарттардың кемінде біреуінің болуын растайтын, осы Кодекстің 36-бабының 1-3-тармағында көрсетілген құжаттардың бірі.

8. Жер қойнауы учаскесін күрделі жобаларға жатқызу және келісімшарт талаптарын өзгерту туралы өтініш құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган келісімшартқа толықтыруға қол қояды немесе өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, жер қойнауы учаскесін күрделі жобаларға жатқызудан және келісімшарт талаптарын өзгертуден бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы учаскесін күрделі жобаларға жатқызу және келісімшарт талаптарын өзгерту туралы бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны барлау кезеңінің ішінде қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

9. Барлау кезеңі көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап есептеледі.

10. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда, барлаудың бүкіл учаскесін қайтару арқылы барлау кезеңін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

11. Егер күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғанға дейін осы Кодекстің 119-бабы 8-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес өндіру кезеңіне өту туралы өтініш берілмесе және осы Кодекстің 119-бабының 18-4-тармағына сәйкес келісімшартқа толықтыру жасалмаса, келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылады.";

19) 117-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"117-бап. Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту";

1-тармақта:

бірінші бөлік "Егер" деген сөзден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынап пайдалануды қоса алғанда, оны бағалау мақсатында күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі әрбір табылған кенжатын (кенжатындар жиынтығы) бойынша жер

қойнауын пайдаланушының өтінішімен үш жылға дейінгі мерзімге бір рет ұзартылуға жатады. Табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалаудың нақты мерзімі барлау жұмыстарының жобасына толықтыру негізінде айқындалады.";

үшінші бөліктегі "– тоғыз жылдан, ал теңіздегі жер қойнауы учаскесінде не көмірсутектерді барлаудың күрделі жобалары бойынша он бес жылдан" деген сөздер " тоғыз жылдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынап пайдалануды жүргізу мақсатында күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі осы Кодекстің 119-бабының 1-тармағында көрсетілген өндіру кезеңінің ең көп ұзақтығы тиісінше қысқартыла отырып, жер қойнауын пайдаланушының өтінішімен үш жылға дейінгі мерзімге бір рет ұзартылуға жатады. Сынап пайдаланудың нақты мерзімі сынап пайдалану жобасының негізінде айқындалады.

Бұл ретте мұндай ұзартуға жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған сынап пайдалану жобасында белгіленген табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контурлары негізге алына отырып қалыптастырылған жер қойнауы учаскесі (учаскелері) бойынша ғана жол беріледі.

Осы тармаққа сәйкес барлау кезеңін (кезеңдерін) ұзарту нәтижелері бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінің (кезеңдерінің) ең көп ұзақтығы он екі жылдан аспауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау учаскесінен осы Кодекстің 110-бабына сәйкес белгіленетін барлау учаскесінің кеңістіктік шекараларына кірмейтін блоктар алып тасталады.";

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша тиісті жобалау құжаттарының негізінде айқындалған, барлау кезеңін ұзартудың сұралатын мерзімі қамтылуға тиіс.";

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Күрделі жобаларға жатпайтын келісімшарттар бойынша барлау кезеңін ұзарту туралы өтінішке:";

11-тармақтағы "Көмірсутектерді" деген сөз "Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 118-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "Көмірсутектерді" деген сөз "Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша көмірсутектерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 119-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша өндіру кезеңінің ең көп ұзақтығы – жиырма бес жылдан, ал ірі кен орындарында қырық бес жылдан аспайды.

Күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша өндіру кезеңінің ұзақтығы өндіруге арналған келісімшартты немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа өндіру кезеңін бекітуді көздейтін толықтыруды жасасу кезінде белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесі бойынша өндіру кезеңі ірі кен орындары үшін қырық бес жылды және ірі кен орындарына жатпайтын кен орындары үшін жиырма бес жылды құрайды. Егер күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған бір келісімшарт шеңберінде табылған кен орындарының бірде-біреуі осы Кодекстің 14-бабында көзделген ірі кен орнының өлшемшарттарына сәйкес келмесе, осындай келісімшартта белгіленген өндіру кезеңі күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруға қол қою арқылы жиырма бес жыл деп белгіленеді.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне өту осы Кодекстің 110-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес жер қойнауы учаскесінің шекаралары белгіленетін келісімшартқа толықтыру жасасу арқылы жүзеге асырылады.";

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "мерзімдер шегінде" деген сөздер "жағдайларда" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "өндіру кезеңін бекітуді көздейтін" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша осы Кодекстің 110-бабына сәйкес бірнеше өндіру учаскесі қалыптастырылса, өндіру кезеңі осындай әрбір учаске үшін жеке-жеке белгіленеді.";

6-тармақтағы "Егер өндіру учаскесі (учаскелері) келісімшартта барлау кезеңі аяқталғанға дейін бекітілсе, онда" деген сөздер "Барлау кезеңі мен өндіру кезеңі бір мезгілде қолданылатын келісімшарттар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттемелердің бірі жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген көмірсутектерді экспорттау басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма жыл өткеннен кейін қолданылады.";

8-тармақта:

бірінші бөліктегі "өндіру учаскесін және өндіру" деген сөздер "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша өндіру учаскесі мен" деген сөздермен ауыстырылып, екінші бөлік "органға" деген сөзден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне өту туралы өтініш барлау кезеңі өткенге дейін берілуге тиіс.";

9-тармақтың бірінші абзацы "немесе" деген сөзден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы "немесе" деген сөзден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақ "өтініш иесімен" деген сөздерден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақтың 1) тармақшасы "көздейтін" деген сөзден кейін ", күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақ "орган" деген сөзден кейін "күрделі жобаларға жатпайтын жер қойнауы учаскесі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-1, 18-2, 18-3 және 18-4-тармақтармен толықтырылсын:

"18-1. Күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесі бойынша барлауға және өндіруге келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне өту туралы өтініш құзыретті органға барлау кезеңі ішінде беріледі, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру учаскесіне (учаскелеріне) нұсқама.

Өтінішке жер қойнауын пайдаланушы қол қойған, өндіру учаскесінің (учаскелерінің) шекараларын белгілейтін келісімшартқа толықтыру жобасы және жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған өндіру учаскесіндегі (учаскелеріндегі) геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есептің көшірмесі қоса беріледі. Егер кен орны ірі кен орындары санатына жатпаса, толықтыру жобасында ұзақтығы жиырма бес жыл болатын өндіру кезеңінің белгіленуі де көзделуге тиіс.

18-2. Егер өтініш осы баптың 18-1-тармағына сәйкес, барлау нәтижелері бойынша оның күрделі жобаның қандай да бір өлшемшарттарына сәйкестігі туралы растау

алынбаған жер қойнауы учаскесі (учаскелері) бойынша берілсе, өндіру кезеңіне жататын келісімшарт талаптары осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 4) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес белгіленетін өндіруге арналған үлгілік келісімшарт талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс, ал күрделі жобаға жатпайтын өндіру учаскесі бөліп шығарылған жағдайда, мұндай учаскеге қатысты осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 4) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес айқындалған шарттарда өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

18-3. Егер өндіру кезеңіне өту туралы өтініш барлау нәтижелері бойынша оның күрделі жобаның өлшемшарттарына сәйкестігі туралы растау алынған жер қойнауы учаскесіне қатысты, осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген үлгілік келісімшарт нысаны бойынша жасалған барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша берілсе, өндіру кезеңіне жататын осындай келісімшарттың талаптары осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес белгіленетін шарттарға сәйкес келтірілуге жатады, ал күрделі жоба болып табылатын өндіру учаскесі бөліп шығарылған жағдайларда, мұндай жер қойнауы учаскесіне қатысты осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған шарттарда өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

18-4. Осы баптың 18-1, 18-2 және 18-3-тармақтарына сәйкес берілетін өндіру кезеңіне өту туралы өтініш құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Құзыретті орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша осы баптың 18-2 және 18-3-тармақтарының ережелерін ескере отырып, тиісті жер қойнауы учаскесіне қатысты келісімшартқа толықтыруға қол қояды немесе өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, күрделі жобаларға жататын жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт бойынша өндіру кезеңіне өтуден бас тартады.

Құзыретті органның өндіру кезеңіне өтуден бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны барлау кезеңі ішінде қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.";

22) 121-баптың 16-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттарға қолданылмайды.";

23) 123-бапта:

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ашық кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) орналасқан жеріне және болжамды контурларына нұсқама қамтылуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасалған күннен бастап үш жыл ішінде және жер қойнауын пайдаланушының осындай келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы орындаған сейсмикалық жұмыстардың және (немесе) бұрғылау жұмыстарының

нәтижелері бойынша геологиялық ақпаратты алуы шартымен жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген жұмыстардың кез келген түрі аяқталғаннан кейін жер қойнауының бүкіл учаскесін (учаскелерін) қайтаруға және кейінгі бұрғылау жұмыстарын және олармен байланысты өзге де жұмыстарды қоса алғанда, жұмыстар бағдарламасында көрсетілген жұмыстардың келесі түрін (түрлерін) орындаудан осындай қайтару кезінде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған геологиялық ақпарат негізінде бас тартуға құқылы. Осындай қайтару жағдайында жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте көзделген, көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, осындай жұмыстар бағдарламасы бойынша жұмыстардың орындалуын тоқтатуға және (немесе) осындай келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты қандай да бір тұрақсыздық айыбын төлеуді қоса алғанда, қандай да бір міндеттемелерді алмайды.";

24) 126-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауы банктік салым кепілімен қамтамасыз етіледі.

Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді барлау салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауы осы Кодекстің 55-бабының 4-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен қамтамасыз етіледі.";

мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2, 6-3 және 6-4-тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. Күрделі жоба бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауын қамтамасыз ету тәсілі ретінде шетелдік банктің кепілдігі берілген жағдайда, мұндай банктің Standard and Poor's рейтингтік агенттігінің "BBB-"-тен төмен емес немесе Moody's, FitchRatings рейтингтік агенттіктерінің шәкілдері бойынша ұқсас деңгейдегі ең төменгі кредиттік рейтингі болуға тиіс.

Күрделі жоба бойынша барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауын қамтамасыз ету тәсілі ретінде қазақстандық банктің кепілдігі берілген жағдайда, мұндай банктің Standard and Poor's рейтингтік агенттігінің "BB-"-тен төмен емес немесе Moody's, FitchRatings рейтингтік агенттіктерінің шәкілдері бойынша ұқсас деңгейдегі ең төменгі кредиттік рейтингі болуға тиіс.

6-2. Шетелдік банк берген кепілдік қазақ және орыс тілдеріне аудармасын жер қойнауын пайдаланушының міндетті түрде ұсынуы арқылы шет тілінде жасалуы мүмкін, аударманың дұрыстығын нотариус куәландыруға тиіс.

6-3. Күрделі жоба бойынша келісімшарт бойынша шетелдік банк берген кепілдік құзыретті орган бекіткен үлгілік нысан бойынша жасалмауы мүмкін.

Күрделі жоба бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шетелдік банк үлгілік нысансыз берген кепілдік мынадай шарттарды қамтуға тиіс:

1) банк кепілдігі осы Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемесі ретінде айқындалған барлық ақшалай соманы жабады;

2) банк кепілдігі толық, шартсыз және кері қайтарып алынбайтын кепілдік болып табылады;

3) банк кепілдігі осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою аяқталғанға дейінгі мерзімге беріледі.

Шетелдік банк кепілдігінің осы баптың талаптарына сәйкес келмеуі күрделі жоба бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қамтамасыз ету ретінде осындай кепілдікті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

6-4. Банк болып табылмайтын кез келген заңды тұлға күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлау салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдіктер бойынша кепілгер бола алады, мұндай кепілгердің Standard and Poor's рейтингтік агенттігінің "BBB"-ден төмен емес немесе Moody's, FitchRatings рейтингтік агенттіктерінің шәкілдері бойынша ұқсас деңгейдегі ең төменгі кредиттік рейтингі болуға тиіс.

Егер мұндай кепілгер шетелдік заңды тұлға болса, онда кепілдік қазақ және орыс тілдеріне аудармасы міндетті түрде ұсыныла отырып, ағылшын тілінде жасалуы мүмкін, аударманың дұрыстығын нотариус куәландыруға тиіс. Шетелдік заңды тұлға берген кепілдікті оның берілген жері бойынша нотариат куәландыруға тиіс.

Осы тармақтың талаптары көмірсутектер саласындағы ұлттық компания беретін кепілдікке қатысты қолданылмайды.";

7-тармақта:

бірінші бөліктегі "міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым," деген сөздер "міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "тиісті қосымша сома" деген сөздер "таңдап алынған қамтамасыз ету тәсілінің тиісті қосымша сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Күрделі жобалар бойынша барлау кезеңіне берілген, барлау салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету келесі басталған күндердің неғұрлым ерте күнінде қолданысын тоқтатады:

1) барлау салдарын жою аяқталған күн;

2) көмірсутектер кен орнын әзірлеу жобасы бекітілген күн.

Күрделі жоба бойынша өндіру кезеңіне өткеннен кейін жер қойнауын пайдаланушы өндіру кезеңі басталған күннен бастап алты ай ішінде, барлау кезеңін жою жөніндегі міндеттемелерді ескере отырып, осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес қамтамасыз етудің жаңа тәсілін ұсынады. Талап етілетін қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт осы Кодекстің 133-бабында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету сомасы көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құны негізінде кен орнын әзірлеу жобасында айқындалады және әзірлеуді талдау шеңберінде үш жылда кемінде бір рет түзетілуге жатады.

Қамтамасыз ету ұлттық валютада немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның ресми бағамын белгілейтін шетел валютасында ұсынылады.

Түзету нәтижелері бойынша не көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу процесінде қамтамасыз ету сомасы көмірсутектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құнына не жер қойнауы учаскесінде іс жүзінде орындалған жою жұмыстарының құнына сәйкес нақтыланады.";

25) 130-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы тармақтың талаптары осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген, күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндіру кезеңінде қолданылмайды.

Осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндіру кезеңінде өндірілген мұнайды Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу үшін беру графиктеріне сәйкес беру жөніндегі міндеттемені есептік беру айында, өз мұқтаждарына пайдаланылатын көмірсутектер көлемдерін ескермегенде, осындай келісімшарт бойынша жоспарланатын жалпы мұнай өндіру көлемінің жиырма бес пайызынан асыруға болмайды.";

26) 131-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Осы баптың ережелері жер қойнауын пайдаланушы күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асырған кезде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қолданылмайды. Мұндай келісімшарттар бойынша сатып алу жер қойнауын пайдаланушы айқындаған тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте мұндай тәртіп мыналарды:

1) өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және құзыретті органмен келісілген, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жергілікті берушілерінің даму бағдарламаларының орындалуын;

2) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің барлық мүдделі берушілеріне тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған конкурса қатысу үшін толық және әділ мүмкіндіктердің берілуін;

3) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің әлеуетті берушілерін алдын ала іріктеудің объективті өлшемшарттарының қолданылуын;

4) барлық мүдделі тұлғалар үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жоспарланған сатып алу туралы ақпаратқа, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарға, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.";

27) 278-бап мынадай мазмұндағы 33-1, 39 және 40-тармақтармен толықтырылсын:

"33-1. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және осы баптың 32 немесе 33-тармағына сәйкес осы Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану шарттарына өткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауы учаскесін азайтуға осы Кодекстің 114-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының талаптары сақталмай жол беріледі.

Жер қойнауы учаскесін осындай азайту кезінде бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

жер қойнауын пайдаланушы қайтарылатын жер қойнауы учаскесінде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізсе;

жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесін азайту және қайтарылатын жер қойнауы учаскесінде бұрғылау үшін құрылымдардың болмауы көзделетін, осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыруды бекітсе, қайтарылатын жер қойнауы учаскесіне байланысты жұмыс түрлері мен көлемдері бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген жұмыстардың бағдарламасын өзгертуге жол беріледі.

Бұл жағдайда жер қойнауы учаскесін азайту туралы өтінішке жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған, жер қойнауы учаскесін азайтуға байланысты барлау жұмыстарының жобасына толықтыру да қоса беріледі.";

"39. Осы Кодекстің күрделі жобалар және күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттар бойынша ережелері:

1) осы Кодекстің 120-бабына сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға толықтыруларға);

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өнімді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қолданылмайды.

40. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 1) немесе 2) тармақшасында көрсетілген бір немесе бірнеше өлшемшарттарға сәйкес келетін жер қойнауы учаскесі бойынша барлау кезеңінде болса не жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес келетін жер қойнауы учаскесі бойынша барлау және (немесе) өндіру кезеңінде болса;

жер қойнауын пайдаланушыда өтініш беру кезінде құзыретті органның хабарламасында көрсетілген, бастапқы келісімшарт бойынша міндеттемелерді жойылмаған бұзушылықтар болмаса;

жер қойнауын пайдаланушы өтініш берілген жылдың алдындағы кезеңде жұмыс бағдарламасында көзделген жұмыстардың іс жүзіндегі көлемін толық орындаса немесе барлау кезеңі жұмыстарының бағдарламасын толық көлемде орындаса, осы Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген күрделі жоба (жобалар) өлшемшарттарының кем дегенде біреуіне сәйкес келетін жер қойнауы учаскелеріне қатысты осы Кодекстің 36-бабы 1-1-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өтуге құқығы бар.

Күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өту жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органға беретін өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Өтініште жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтерден басқа, күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өту негіздері көрсетіледі.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жаңа редакцияда жазылуы көзделетін осындай келісімшартқа толықтырудың жобасы;

осы Кодекстің 36-бабының 5-1-тармағына сәйкес өтініш иесі айқындаған, күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартқа енгізілуге жататын, кадрлардағы елішілік құндылық бойынша ең төменгі міндеттемелер;

осы Кодекстің 36-бабы 1-2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген күрделі жобаларға қатысты – осы Кодекстің 36-бабы 1-3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың кез келгені.

Осы тармаққа сәйкес күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өту кезінде барлау мерзімі (кезеңі) осындай келісімшарт бойынша барлаудың іс жүзінде пайдаланылған мерзімі шегеріле отырып, осы Кодекстің 116 және 117-баптарының ережелері ескеріліп айқындалатын барлаудың ең көп мерзімі шегінде айқындалады.

Егер Каспий немесе Арал теңізінің қазақстандық секторы шегінде толық немесе ішінара орналасқан жер қойнауы учаскелеріндегі келісімшарттарды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өту кезінде " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ретінде жер қойнауын пайдаланушыға берілсе, мұндай келісімшартта жер қойнауын пайдаланушының тиісті инвестициялық жобаны іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі, сондай-ақ келісімшарттың талаптарында көзделген, осындай инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты өзге де ілеспе міндеттемелер, оның ішінде шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер көзделуге тиіс.

Егер бастапқы келісімшарт бойынша бірнеше жер қойнауы учаскелері (кен орындары) болса, олардың бір бөлігі осы Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген күрделі жобаның (жобалардың) өлшемшартына сәйкес келмесе, осы тармаққа сәйкес күрделі жобалар бойынша үлгілік келісімшарттың талаптарына өту осы Кодекстің 36-бабының 1-2-тармағында көзделген күрделі жобаның өлшемшартына сәйкес келетін жер қойнауы учаскесіне (кен орнына) қатысты ғана жер қойнауының тиісті учаскесін (жер қойнауы учаскелерін) және (немесе) кен орнын (кен орындарын) күрделі жоба бойынша үлгілік келісімшарт талаптарында жеке келісімшартқа бөліп шығару арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер келісімшартқа толықтыру жобасы бойынша өтінішті қарау нәтижелері бойынша ескертулер болса, құзыретті орган бұл туралы өтініш иесін хабардар етеді. Құзыретті органның ескертулерімен келіскен жағдайда өтініш иесі оларды жоюға және

құзыретті органға келісімшартқа толықтырудың пысықталған жобасын жіберуге құқылы. Ескертулерді жою кезеңінде өтінішті қарау мерзімі тоқтатыла тұрады. Өтініш иесі құзыретті органның ескертулерімен келіспеген жағдайда, өтініш иесі оларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтуға құқылы.

Құзыретті орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша келісімшартқа толықтыруға қол қояды және оны өтініш иесіне жібереді не күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өтуден мынадай:

өтініш және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар осы тармақтың талаптарына сәйкес келмеген;

өтініш иесі құзыретті органның осы тармақтың жетінші бөлігіне сәйкес жіберілген ескертулерін жоймаған немесе өтініш иесі жоюдан бас тартқан жағдайларда, бас тартады.

Осы баптың 12, 13, 32, 33, 34 және 35-тармақтарының ережелері осы тармаққа сәйкес күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшарттың талаптарына өтуге қолданылмайды."

8. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 3) тармақшасы "гидротехникалық құрылыстарды" деген сөздерден кейін "(шлюздерді)" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 18-бапта:

үшінші бөліктегі "Тасымалдаушының" деген сөз "Егер осы баптың бесінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "Жолаушы" деген сөз "Егер осы баптың алтыншы бөлігінде өзгеше көзделмесе, жолаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Әуе көлігінің тасымалдаушысы жолаушыны межелі пунктіне жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін, егер мерзімін өткізіп алу еңсерілмейтін күш салдарынан орын алғанын дәлелдей алмаса, жолаушы шеккен шығынды өтеуден басқа, егер бұл осындай мерзімін өткізіп алуға байланысты орын алған болса, мерзімін өткізіп алған әрбір сағат үшін тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

Айыппұл сомасын сатып алынған тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнынан асыруға болмайды.";

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы баптың он үшінші бөлігінде және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы рейстер сегіз және одан да көп сағатқа кешіктірілген кезде жолаушыларға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың мұқтажын ескере отырып, өз есебінен қонақұйден орын және тамақ беруге міндетті.";

мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әуе көлігінің тасымалдаушысы өз кінәсінен немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейс мәртебесі өзгерген кезде жолаушыларға қонақүйде орналастыру, тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзге де көрсетілетін қызметтерді өз есебінен ұсынуға міндетті.";

3) 25-баптың төртінші бөлігіндегі "уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды" деген сөздер "және қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "ұшу аппараттары" деген сөздер "әуе кемелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың бірінші бөлігінің 6) тармақшасындағы "ұшу аппараттары" деген сөздер "әуе кемелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасындағы ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-3-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы "ұшу аппараттарымен бұзудың" деген сөздер "әуе кемелері бұзуының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-4-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы "ұшу аппараттары" деген сөздер "әуе кемелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) коммуналдық меншіктегі әуеайлақтарды (әуежайларды) пайдалануды және күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді;"

12. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 25-1) тармақшасында:

"пайдалануды" деген сөз "пайдалану" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қызметін реттейтін" деген сөздер "қызметі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 68-бап мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әуеайлақ жабдығының және әуе кемелері ұшуының адамдардың денсаулығы мен жеке және заңды тұлғалардың қызметіне ықтимал теріс әсерлері ескеріле отырып, ұшу қауіпсіздігі талаптарын сақтау үшін әуеайлақ маңындағы аумақта құрылыс салу "Қазақстан Республикасының әуе

кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

2) 69-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Белгіленген кепілді мерзімі ішінде, қабылданған конструктивтік, инженерлік немесе технологиялық шешімдерге байланысты анықталған сәйкессіздіктер мен бұзушылықтар бойынша жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авторлық және техникалық қадағалауға жүктеледі."

14. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) және 1-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) автоматтандырылған өлшеу станциясы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және габариттік параметрлерін, осьтік жүктемелерін және жүру жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың зияткерлік көлік жүйесімен интеграцияланған кешені;

1-1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор) – осы Заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам;"

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) автомобиль жолдарын басқарушылар – автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде шарттардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының, оның ішінде концессия шарттарының, мүлікті сенімгерлік басқару, жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз пайдалану шарттарының негізінде шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында автомобиль жолдарын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;"

13-3) тармақшада:

"автомобиль жолдарын, салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде" деген сөздер алып тасталсын;

"жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

15-2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама – автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезіндегі техникалық зерттеп-қарау жөніндегі сараптама жұмыстарының түрі";

2) 3-баптың 7-тармағының үшінші бөлігі "аудандардың" деген сөзден кейін "(облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-баптың 7-тармағы "жолдары" деген сөзден кейін "және жол қызметінің объектілері" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 5-баптың 4-тармағындағы "кіру пунктін кесіп өткен" деген сөздер "кірген" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 5-2-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қызметтік міндеттерін орындаған кезде:

жедел медициналық жәрдем ұйымдарының;

авариялық-құтқару қызметтерінің;

құқық қорғау органдарының;

көліктік бақылау органдарының;

арнаулы мемлекеттік органдардың;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың;

жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолдарын (учаскелерін) күтіп-ұстауды және оларға техникалық қызмет көрсетуді тікелей жүзеге асыратын Ұлттық оператордың арнаулы автокөлік құралдары";

2) тармақшаның төртінші абзацындағы "үшін босатылады." деген сөздер "үшін;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жеңіл автомобильдері босатылады.";

6) 9-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

"кеден органдары" деген сөздер "кедендік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тіреуіштерді" деген сөзден кейін ", автоматтандырылған өлшеу станцияларын" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 12-баптың 2-тармағында:

36) тармақшадағы "автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде" деген сөздер алып тасталсын;

36-1) тармақшадағы "жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын ;

36-2) тармақшадағы "халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

38-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38-1) жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнын айқындау, сондай-ақ автомобиль жолдарының жол активтерін басқару әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

43) тармақшадағы "жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

8) 13-баптың 1-1-тармағының бірінші бөлігінде:

6-9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6-9) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының, байланыс және электр беру арналарымен, желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және теміржолдармен, басқа да инженерлік желілермен, коммуникациялармен қиылысуын жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беру;"

мынадай мазмұндағы 6-12) және 6-13) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-12) жол органымен келісу бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату;

6-13) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

9) 14-баптың 4-тармағындағы "Ортақ пайдаланылатын бұрыннан бар автомобиль" деген сөздер "Автомобиль" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады" деген сөздер "қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 20-баптың 3-тармағында:

4) тармақшадағы "ақы алу пунктін кесіп өту кезінде" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшадағы "төлемақы алу пункті арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

12) 30-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2), 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;"

"7-1) жол органымен келісу бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату;

7-2) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық

және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

9-3) тармақшадағы "дамыту" деген сөз "дамытуды ұйымдастыруға жәрдемдесу" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

14) тармақшадағы "орталықтан" деген сөз алып тасталсын;

43-4) тармақшада:

"рельстен шығып кету" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жылжымалы құрамның бағдаршамның тыйым салатын сигналына өтіп кету не поезды қабылдау-жөнелту маршрутына кетіп қалу" деген сөздермен толықтырылсын;

"авария мен апат" деген сөздер "апат немесе авария" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 62-2) тармақшамен толықтырылсын:

"62-2) уақытша теңгерімдеу төлемақысы – Ұлттық жүк тасымалдаушының жолаушылар тасымалын қолдауға бағытталған шығыстары;"

2) 8-бапта:

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған шарттар уәкілетті орган бекітетін үлгілік шарт негізінде жазбаша түрде жасалады.";

4-тармақтың екінші бөлігі "жүзеге асырылатын" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының аумағымен, оның ішінде транзитпен және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-бапта:

2-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Вагондарды, локомотивтерді сатып алуға және теміржолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиттеудің немесе қаржы лизингінің бүкіл мерзіміне бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Уақытша теңгерімдеу төлемақысын тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган локомотивтік тартқыштың көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейлерін қалыптастыру кезінде белгілейді және ол:

1) жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторына;

2) Ұлттық инфрақұрылым операторына жіберіледі.

Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидалары уақытша теңгерімдеу төлемақысын қалыптастыру кезінде есепке алынатын шығыстардың тізбесін қамтиды.

Ұлттық жүк тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік қатынаста жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтен түсетін кірістері уақытша теңгерімдеу төлемақысының көзі болып табылады.";

4) 14-баптың 2-тармағында:

31) тармақшадағы "тергеуге қатысу" деген сөздер "тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

"31-1) Қазақстан Республикасының аумағында жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген теміржол көлігіндегі оқиғаларды тергеп-тексеру;"

34-27), 34-28) және 34-29) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"34-27) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-28) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

34-29) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақының мөлшерлемелерін субсидиялау;"

5) 65-баптың 4-1-тармағында:

бірінші бөлікте:

"жолаушы тасымалдауларын басқарудың автоматтандырылған жүйесі" деген сөздер "уәкілетті органмен келісу бойынша жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

", Ұлттық теміржол компаниясы оған қол жеткізуді уәкілетті органмен келісім бойынша ұйымдастырады" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "жүйесі" деген сөз "жүйелері" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 66-1-бапта:

тақырыптағы "поездарының жүру жолында" деген сөздер "поездарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы және 12-тармақтың бірінші абзацындағы "поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында", "поездарында Қазақстан Республикасының аумағымен жүру жолында" деген сөздер "поездарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 88-4-баптың 10) тармақшасындағы "тоқтатуға құқылы." деген сөздер "тоқтатуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) жай-күйі жүру қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық теміржол желісінің, теміржолдар мен жылжымалы құрамның объектілерін пайдалануды, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдауды қайта бастауға құқылы.";

8) 88-7-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады. Осы комиссияның құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері, тасымалдау процесіне қатысушылар және мүдделі тұлғалар кіреді.

Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген жағдайларды қоспағанда, оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тасымалдау процесіне қатысушылар тергеп-тексереді.";

4-тармақтағы "Апаттарды" деген сөз "Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, оның ішінде олармен байланысты барлық аспектілерді жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғалар, сондай-ақ апаттар мен авариялар болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.";

7-тармақ "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін "жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлерінен бөлек жүргізеді.";

9-тармақ "кезінде" деген сөзден кейін "жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 88-8-бапта:

тақырыптағы "Апаттарды" деген сөз "Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "Апаттарды" деген сөз "Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"апат" деген сөз "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиға, сондай-ақ апат" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бөлшектерді және" деген сөздерден кейін "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаның, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша:

"персоналдан және" деген сөздерден кейін "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаға, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

"сұрауға," деген сөзден кейін "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаның, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "олардың" деген сөзден кейін "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаны, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша "бойынша" деген сөзден кейін "жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиға, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада "Апаттарды" деген сөз "Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 44-1) тармақшамен толықтырылсын:

"44-1) суға батқан мүлікті аластау – суға батқан мүлікті шығарып алуды не оны қайраңнан алуды немесе белгіленген теңіз дәліздерінің шегінен тысқары жерге ығыстыруды не оны жоюды қоса алғанда, суға батқан мүлік тудыратын қауіпті болғызбауға, азайтуға немесе жоюға бағытталған іс-қимылдар, сондай-ақ қажет болған

кезде көрсетілген іс-қимылдардың жиынтығы. Суға батқан мүлікті аластау суға батқан мүлікті тасымалдау және сақтау жөніндегі ілеспе жұмыстарды да қамтиды;"

2) 4-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 55-44), 55-45) және 55-46) тармақшалармен толықтырылсын:

"55-44) теңіз кемелерін куәландыру қағидаларын бекіту;

55-45) суға батқан кемелерді аластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидаларын және оның нысандарын бекіту;

55-46) суға батқан мүлікті аластау қағидаларын бекіту;"

3) 7-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "тәуекелі жатады." деген сөздер "тәуекелі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) суға батқан мүлікті аластағаны үшін кемең меншік иесінің не кеме иесінің жауапкершілік тәуекелі жатады.";

4) 39-баптың 2-тармағының 9) тармақшасында:

"теңізге" деген сөз "суға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"көтеріп шығаруға" деген сөздер "аластауға" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 40-баптың 5-тармағының 4) тармақшасындағы "алып шығу" деген сөздер "аластау" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 44-1-бапта:

1-тармақ "Халықаралық" деген сөзден кейін "және аумақтық" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігі "уәкіл" деген сөзден кейін ", уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9-тарау мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Суға батқан мүлік туралы хабарлау, суға батқан мүлік жатқан жерді анықтау және оны белгілеу

1. Авариялық жағдайдың салдары болып табылатын суға батқан мүлікке мыналар жатады:

1) суға батқан немесе қайраңға отырған кеме;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында қайраңда тұрған, суға батқан немесе ығып ауытқыған кез келген объектіні қоса алғанда, суға батқан немесе қайраңға отырған кемеңің кез келген бөлігі;

3) теңізде кемеден жоғалған және Қазақстан Республикасының аумақтық суларында қайраңда тұрған, суға батқан немесе ығып ауытқыған кез келген объект;

4) егер кемеге немесе басқа да мүлікке көмек көрсету жөнінде шаралар енді қолданылмайтын болса, суға батуға немесе қайраңға отыруға шақ қалған не суға бататын немесе қайраңға отыратын кеме.

2. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында авариялық жағдайда суға батқан кеменің меншік иесі мен капитаны порттың теңіз әкімшілігіне суға батқан мүлік туралы мәліметтерді уәкілетті орган көздеген тәртіппен дереу хабарлауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз Күштерінің Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметі суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтау және оны навигациялық белгілермен белгілеу жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.";

8) 50-бапта:

тақырыптағы "шығарып алуы" деген сөздер "аластауы" деген сөзбен ауыстырылсын

;

1-тармақтағы "өзінің сол мүлікті шығарып алу" деген сөздер "суға батқан мүлікті аластау қағидаларына сәйкес осындай мүлікті аластау" деген сөздермен ауыстырылсын

;

2-тармақта:

"шығарып алудың" деген сөздер "аластаудың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тәртібі мен" деген сөздер алып тасталсын;

"шығарып алуды" деген сөздер "аластауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "суға батқан мүлікті", "шығарып алуға, ал қажет болған жағдайда оны аластауға немесе жоюға" деген сөздер тиісінше "оны", "аластауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "шығарып алу" деген сөздер "аластау" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес шығарып алмаған" деген сөздер "белгіленген мерзімде аластамаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы тараудың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының аумақтық суларында суға батқан кеменің иесі не кеменің меншік иесі суға батқан мүліктің меншік иесі болып табылады.";

9) 51-бапта:

тақырыптағы "шығарып алуы, аластауы немесе жоюы" деген сөздер "аластауы" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3) және 4) тармақшалардағы "шығарып алу, аластау, жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарында", "шығарып алуға және қажет болған жағдайда оны аластауға немесе жоюға" деген сөздер тиісінше "аластау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында", "аластауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"шығарып алу, аластау немесе жою" деген сөздер "аластау" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақта:

"шығарып алынған кезден" деген сөздер "аласталған кезден" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзінің суға батқан мүлкін шығарып алуға жұмсаған шығындарын және осыған байланысты басқа да келтірілген, оны сақтауға" деген сөздер "суға батқан мүлікті аластауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шығарып алынған мүлікті" деген сөздер "аласталған мүлікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

"51-1-бап. Суға батқан мүліктің меншік иесінің жауапкершілігі

1. Суға батқан мүліктің меншік иесі, суға батқан мүлікке:

1) соғыс қимылдары, дұшпандық әрекеттер, азаматтық соғыс, көтеріліс немесе болмай қалмайтын және еңсерілмейтін дүлей құбылыс салдарынан;

2) залал келтіру ниеті бар үшінші тұлғалардың қасақана әрекетімен (әрекетсіздігімен);

3) оттарды немесе кемеден тысқары жерлердегі басқа да навигациялық құралдарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан туындаған, олардың тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан залал келтірілген жағдайларды қоспағанда, суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтау, белгілеу және оны аластау шығыстары үшін жауапты болады.

2. Сол бір авариялық жағдайдан туындаған, суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтауға, белгілеуге және оны аластауға байланысты суға батқан мүліктің меншік иесі жауапкершілігінің мөлшері мынадай тәртіппен есептелетін жалпы сомамен шектеледі:

сыйымдылығы қоса алғанда 2000 тіркелімдік тоннадан аспайтын кеме үшін – 1,51 миллион есептік бірлік;

сыйымдылығы 2000 тіркелімдік тоннадан асатын кеме үшін осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген сомаға мынадай сома қосылады:

2001-ден 30000 тоннаға дейін қоса алғанда әрбір тоннаға – 604 есептік бірлік;

30001-ден 70000 тоннаға дейін қоса алғанда әрбір тоннаға – 453 есептік бірлік; және 70000 тоннадан астам әрбір тоннаға – 302 есептік бірлік.

3. Жалпы сыйымдылығы 300 тіркелімдік тонна және одан астам кеме меншік иесі суға батқан мүлікті аластағаны үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыруға не осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде суға батқан мүлікті аластағаны үшін жауапкершілікті өзге де қаржылық қамтамасыз етуді беруге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының аумақтық суларына кіретін кемелдің бортында суға батқан кемелерді аластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлігі болуы міндетті.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерге суға батқан кемелерді аластағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлікті порттың теңіз әкімшілігі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша береді.";

11) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз Күштері Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметінің және порттың теңіз әкімшілігінің келтірілген шығыстарды толық өтеттіру құқығы

1. Мыналардың:

1) суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтау және оны навигациялық белгілермен белгілеу кезінде келтірілген шығыстар бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз Күштері Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметінің;

2) осы Заңның 51-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған суға батқан мүлікті аластауға байланысты келтірілген шығыстар бойынша порттың теңіз әкімшілігінің келтірілген шығыстарды толық өтеттіруге құқығы бар.

2. Келтірілген шығыстарды өтеу:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, аласталған суға батқан мүлікті өткізуден түскен сома есебінен жүзеге асырылады, қалған сома суға батқан мүліктің меншік иесіне беріледі;

2) егер суға батқан мүлікті өткізуден түскен сома суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтауға, белгілеуге және оны аластауға жұмсалған шығыстарды жаппаса, суға батқан мүліктің меншік иесінің есебінен жүзеге асырылады.

Келтірілген шығыстарды өтеуден алынған қаражат мемлекет кірісіне есепке жатқызылады.";

12) 53-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "шығарып алынған" деген сөздер "аласталған" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 197-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) суға батқан мүлікті аластауға байланысты;"

14) 220-баптың 3-тармағындағы "оның судан шығарылуын", "шығаруға" деген сөздер тиісінше "оны судан аластауды", "аластауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 223-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) суға батқан мүлікті аластауға жұмсалған шығыстарға;"

16) мынадай мазмұндағы 238-1-баппен толықтырылсын:

"238-1-бап. Суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтауға және оны белгілеуге байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз Күштерінің Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметі және суға батқан мүлікті аластауға

байланысты келтірілген шығыстарды өтеу туралы талаптар бойынша порттың теңіз әкімшілігі үшін талап қоюдың ескіру мерзімі

Суға батқан мүліктің жатқан жерін анықтауға және белгілеуге байланысты келтірілген шығыстарды өтеу туралы талаптар бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз Күштерінің Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметі және суға батқан мүлікті аластауға байланысты келтірілген шығыстарды өтеу туралы талаптар бойынша порттың теңіз әкімшілігі үшін талап қоюдың ескіру мерзімі суға батқан мүлікті аластау қағидаларында айқындалған тәртіппен суға батқан мүліктің қауіптілігі айқындалған күннен бастап үш жылды құрайды.

Авариялық жағдай болып, салдарынан мүлік суға батқан күннен бастап алты жыл өткеннен кейін талап қойылмайды.

Егер авариялық жағдай бірқатар оқиғалардан тұрса, онда алты жылдық мерзім осы оқиғалардың бірінші күнінен бастап есептеледі."

17. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) автоматтандырылған өлшеу станциясы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және габариттік параметрлерін, осьтік жүктемелерін және жүру жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың зияткерлік көлік жүйесімен интеграцияланған кешені";

"6-1) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциясы – автомобиль көлігі құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған, осы мақсаттар үшін зияткерлік көлік жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін өлшеу құралы, стационарлық типтегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы ұтқыр таразылар бар стационарлық немесе ауыспалы пункт;

6-2) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциясының операторы – автомобиль көлігі құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға";

9-2) тармақша алып тасталсын;

23-2), 23-3) және 23-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23-2) өзі аударғыш – жүкті түсіру үшін механикалық еңкейтілетін шанағы бар, өзі түсіретін жүк автомобилі, тіркеме немесе жартылай тіркеме;

23-3) рұқсат етілген ең жоғары масса – жасаушы кәсіпорын ең жоғары рұқсат етілетін ретінде белгілеген, жарақталған автокөлік құралының жүкпен, жүргізушімен

және жолаушылармен бірге массасы. Автокөлік құралдары құрамының, яғни тіркелген және біртұтас ретінде қозғалатын құрамының рұқсат етілген ең жоғары массасы деп құрамына кіретін автокөлік құралдарының рұқсат етілген ең жоғары массаларының қосындысы түсініледі;

23-4) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 23-5) және 23-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-5) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүргізетін автокөлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісім (ЕСТР) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23-6) спутниктік навигация аппаратурасы – автокөлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары арқылы оның ағымдағы орналасқан жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;"

31) тармақша алып тасталсын;

2) 11-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасындағы "арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы" деген сөздер "автоматтандырылған өлшеу станциясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы жүріп өту тәртібі автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалады.";

3) 13-бапта:

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 13-2) және 23-21) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-2) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;"

"23-21) автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізілімін жүргізеді;"

4) 19-4-баптың 1-тармағындағы "арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары" деген сөздер "автоматтандырылған өлшеу станциялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 19-5-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) автоматтандырылған өлшеу станцияларын пайдалана отырып жүргізіледі.";

6) 19-16-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркеу есебінен шығарылмаған автокөлік құралдарын кәдеге жаратуға тапсыруға тыйым салынады.";

7) 19-17-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторлары.";

10-тармақтағы "тоқсандық" деген сөз "жартыжылдық" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 2-2-тарау мынадай мазмұндағы 19-18-баппен толықтырылсын:

"19-18-бап. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциялары

1. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларында автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторындағы метрологиялық салыстырып тексеруден өткен өлшеу құралдарымен жүзеге асырылады.

Салмақтық және габариттік параметрлердің өлшемдері туралы деректер автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен зияткерлік көлік жүйесіне беріледі.

2. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторлары өз қызметтерін жария шарт негізінде көрсетеді.";

9) 20-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әлеуметтік маңызы бар қатынастарда, сондай-ақ жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық), қала маңындағы қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауларда "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың тегін жол жүруге, ал 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдардың жол жүру құжатының (билетінің) толық құнының елу пайызын төлей отырып, жол жүру құжатын (билетін) сатып алуға құқығы бар.";

10) 22-бапта:

2-тармақтың 1-1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "1-1)," деген цифрлар алып тасталсын;

11) 37-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын;

12) 38-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен және ескертумен толықтырылсын:

"2-1. Техникалық жол берілетін ең жоғары массасы он екі тоннадан асатын автокөлік құралдарының иелері автоматтандырылған өлшеу станциялары жұмыс істейтін аймақ арқылы жүріп өткен кезде автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен автоматтандырылған

өлшеу станциясында осындай автокөлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеуді қамтамасыз етуге міндетті.";

"Ескерту. Автокөлік құралдарының меншік иелері, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында автокөлік құралдарын иеленетін тұлғалар, сондай-ақ автокөлік құралын экипажымен қоса жалдау шарты бойынша беру жағдайларын қоспағанда, автокөлік құралдары уақытша иеленуге және пайдалануға берілген тұлғалар; егер автокөлік құралы Қазақстан Республикасының аумағымен халықаралық тасымалдарды жүзеге асырса, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылар осы баптың 2-1-тармағындағы автокөлік құралдарының иелері деп танылады.";

13) мынадай мазмұндағы 38-2-баппен толықтырылсын:

"38-2-бап. Жүктерді өзі аударғыш автомобильмен тасымалдау

Рұқсат етілген ең жоғары массасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген автокөлік құралының жол берілетін жалпы массасынан асатын жүктерді өзі аударғыш автомобильмен Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен және елді мекендерінің көшелерімен тасымалдауға жол берілмейді.";

14) 47-баптың 5-тармағындағы "Қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық облысаралық", "он" деген сөздер тиісінше "Ауданаралық (облысшілік қалааралық) облысаралық қалааралық", "сегіз" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 54-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы Заңның 11-бабының 4 және 5-тармақтарының қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын."

18. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-баптың 1-тармағында:

16) тармақшадағы "қадағалау қызметкерлері" деген сөздер "бақылау мен қадағалау жұмыскерлері және ішкі су көлігі саласындағы жұмыскерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-11) тармақшадағы "біліктілік комиссиялары туралы ережені," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26-33) тармақшамен толықтырылсын:

"26-33) уәкілетті органның кәсіпорны орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтердің көлемдері мен құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

2) 12-баптың 1 және 3-тармақтарындағы "құрылыстарын" деген сөз "құрылысжайларын (шлюздерді)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының бірінші бөлігі "ішкі су жолдарын" деген сөздерден кейін "және кеме қатынасы гидротехникалық құрылысжайларын (шлюздерді)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 17-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес жүргізілетін кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру;"

5) 94-баптағы "құрылыстарын" деген сөз "құрылысжайларын (шлюздерді)" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

31-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "(оның ішінде пилотсыз)" деген сөздер ", оның ішінде пилотсыз әуе кемелерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3) тармақшасындағы "ұшқышсыз ұшу аппараттары" деген сөздер "пилотсыз әуе кемелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген, пайдаланушының авиациялық жұмыстарға жіберілуін куәландыратын, белгіленген нысандағы құжат;"

6-1) тармақша алып тасталсын;

10-1), 10-2), 10-3) және 10-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1) авиациялық медицина – авиациялық ұшуды медициналық қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуге арналған медицина саласы;

10-2) авиациялық медициналық инспектор – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық медицина саласында біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар және азаматтық және эксперименттік авиация саласында сертификаттауды, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген авиация инспекторы;

10-3) авиациялық медициналық орталық – азаматтық авиация саласында медициналық куәландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

10-4) авиациялық медициналық орталықтың сертификаты – авиациялық медициналық орталықтың сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын, белгіленген үлгідегі құжат;"

мынадай мазмұндағы 10-5), 10-6), 15-1) және 29-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-5) авиациялық медициналық сарапшы – авиациялық медициналық сарапшы сертификаты бар, авиациялық медицина саласында даярлықтан өткен және

практикалық дағдылары мен еңбек өтілі бар, әуе кемелерінің ұшуын орындауға және қамтамасыз етуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге, әуе қозғалысына қызмет көрсетуге тікелей байланысты адамдарды куәліктерді немесе біліктілік белгілерін алуға медициналық куәландырудан өткізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тағайындайтын дәрігер;

10-6) авиациялық медициналық сарапшының сертификаты – авиациялық медициналық сарапшыға медициналық куәландыру жүргізу және медициналық сертификат беру құқығын беретін, белгіленген үлгідегі құжат;"

"15-1) азаматтық авиация саласындағы төлемдер – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым көрсететін қызметтер үшін жеке және заңды тұлғалардың төлемақысы, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджетіне ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тұрақты қадағалауды жүзеге асырғаны үшін заңды тұлғалардың міндетті аударымдары;"

"29-2) әділ мәдениет – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, авиация персоналы және азаматтық авиация саласындағы өзге де жұмыскерлер азаматтық авиация саласындағы қателіктер немесе теріс қылықтар туралы хабарлайтын және жасалған қателіктер немесе теріс қылықтар үшін жауаптылықта болмайтын ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаты;"

31) тармақшадағы "оларды пайдалануға жарамдылығының нормаларына" деген сөздер "сертификаттау талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің сертификаты – әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын, белгіленген үлгідегі құжат;"

мынадай мазмұндағы 53-3) тармақшамен толықтырылсын:

"53-3) даярлаудың және бағалаудың құзыреттілік жүйесі – авиация персоналын даярлау және бағалау жүйесі, оған нәтижелерге бағдарлану, операцияларды орындау тиімділігінің стандарттарына және осы стандарттарды өлшеуге ерекше назар аудару, сондай-ақ белгіленген тиімділік стандарттары негізінде оқу курсы әзірлеу тән;"

54-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1) жерде қызмет көрсету – әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтымайтын, әуе кемесі әуежайға (әуеайлаққа) келген немесе әуе кемесі әуежайдан (әуеайлақтан) жөнелтілген кезде қажетті қызмет көрсету;"

мынадай мазмұндағы 54-2), 61-1) және 61-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"54-2) жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші – әуежайды (әуеайлақты) пайдаланушыны және өз әуе кемелеріне, жолаушыларға, багажға, жүктер мен поштаға өз бетінше қызмет көрсететін авиакомпанияны қоспағанда, әуежай (әуеайлақ) аумағында жерде қызмет көрсету қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға;"

"61-1) қауіпті жүктер – адамның өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігі мен мүлкіне немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) қауіпті жүктерді әуемен қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарында айқындалатын қауіпті жүктер тізбесінде көрсетілген бұйымдар немесе заттар;

61-2) қашықтан сәйкестендіру жүйесі – ұшуды орындау процесінде пилотсыз әуе кемесі туралы ақпаратты жергілікті трансляциялауды қамтамасыз ететін жүйе;"

65-1) тармақшадағы "санаттарға" деген сөз "деңгейлерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

66-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"66-1) пилотсыз авиациялық жүйе – пилотсыз әуе кемесі және пилотсыз әуе кемесін әуе кеңістігінде қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті онымен байланысты (пилотсыз әуе кемесін басқаратын байланыс арналары мен құрамдастарды қоса алғанда) элементтер;"

мынадай мазмұндағы 66-2), 66-3), 66-4), 66-5), 66-6), 67-1) және 76-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"66-2) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының үстінде белгіленген мөлшерлердегі әуе кеңістігінің бір бөлігі, оның шегінде пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына белгілі бір шарттармен шектеу қойылады;

66-3) пилотсыз әуе кемесі – дербес жұмыс істеуге және (немесе) бортында пилотсыз қашықтан басқаруға пайдаланылатын немесе арналған әуе кемесі;

66-4) рейс мәртебесінің өзгеруі — маршруттың жоспарланған бағыттан өзгеруі, рейстің кідіруі, рейс кестесінің өзгеруі, рейстің орындалмауы немесе рейстің ұшу (ұшып келу) уақытына немесе маршрутқа әсер ететін өзге де өзгеріс;

66-5) сараптамалық медициналық қорытынды – авиациялық медициналық инспектор даулы жағдайлар бойынша, қажет болған кезде авиация саласындағы басқа да мамандарды тарта отырып берген құжат;

66-6) сертификатталған әуеайлақ (тікұшақ айлағы) – пайдаланушысына әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификаты берілген әуеайлақ (тікұшақ айлағы);" ;

"67-1) тип сертификаты – әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйым немесе азаматтық әуе кемесі типінің конструкциясын, қозғалтқышты немесе әуе бұрандасын айқындау үшін шет мемлекет берген және конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;" ;

"76-2) ұшуға шектеу қойылған аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының үстіндегі белгіленген мөлшерлердегі әуе кеңістігі, оның шегінде әуе кемелерінің ұшуына белгілі бір шарттармен шектеу қойылады;" ;

78) тармақшадағы "ұшудың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралар кешені, бұл ретте адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру немесе мүлкіне залал келтіру тәуекелі қолайлы деңгейге дейін төмендетіледі және қауіптілік көздерін анықтаудың және тәуекел факторларын бақылаудың үздіксіз процесі арқылы осындай не бұдан да төмен деңгейде сақталады" деген сөздер "адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру немесе мүлікке залал келтіру тәуекелі қолайлы деңгейге дейін төмендетілген және қауіптілік көздерін анықтаудың және тәуекел факторларын бақылаудың үздіксіз процесі арқылы осы не бұдан да төмен деңгейде тұратын жай-күй" деген сөздермен ауыстырылсын;

78-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"78-1) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі – ұйымдастырушылық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, міндеттерді, басшылық қағидаттары мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға арналған жүйелі тәсіл;"

мынадай мазмұндағы 78-2) тармақшамен толықтырылсын:

"78-2) ұшу сынақтары – әуе кемесінің, күш қондырғыларының, авиациялық және арнаулы жабдықтың, қару-жарақтар мен басқа да авиациялық техниканың, аэродинамика және әуе кемелерінің, сондай-ақ олардың жүйелерінің беріктігі саласындағы зерттеулердің сипаттамаларын айқындау үшін және (немесе) азаматтық авиациялық техниканың ұшуға жарамдылығы талаптарына сәйкестігін айқындау үшін орындалатын ұшу;"

80) және 81) тармақшалар алып тасталсын;

2) 3-баптың тақырыбындағы "пайдалануды және авиация қызметін реттейтін" деген сөздер "пайдалану және авиация қызметі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-баптың 3-тармағының төртінші бөлігіндегі "сексен" деген сөз "жетпіс бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егемендігі айқындалмаған, Қазақстан Республикасы әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жауапты болатын әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпке сәйкес Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасы қолданылады."

5) 10-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша не өз бастамасы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері жасаған тексерулердің және бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарының қорытынды құжаттарының (актілердің, инспекторлық нұсқамалардың) күшін жоюға, оларды кері қайтарып алуға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.";

6) 10-2-бапта:

3) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету, аспаптар арқылы ұшу схемаларын әзірлеу және аэронавигациялық карталарды жасау;"

"9) құстар мен өзге де жануарлар туындататын қауіптерді басқару;"

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жерде қызмет көрсету;"

17) тармақшадағы "қамтамасыз ету жатады." деген сөздер "қамтамасыз ету;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) авиациялық оқиғалар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жатады.";

7) 11-баптың 4-тармағындағы "қызметтік куәлігін" деген сөздер "авиация инспекторының куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Авиация инспекторлары беретін инспекторлық нұсқамаларға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

9) 12-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1-бап. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдармен бірлесіп, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес азаматтық авиация жүйесінің ауқымы мен күрделілігіне сәйкес келетін азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны әзірлейді және іске асырады, ол:

1) ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға бағытталған қағидалар мен іс-шаралардың бірыңғай кешенін білдіреді;

2) пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін тиімді іске асыруға және олармен тиісінше өзара іс-қимыл жасауға ықпал етеді;

3) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің көрсеткіштерін мониторингтеуді және бағалауды қамтамасыз етеді;

4) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің жалпы мемлекеттік көрсеткіштерін қолдайды және жақсартады.

2. Азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарлама:

1) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты, мақсаттар мен ресурстарды;

2) ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларын мемлекеттік деңгейде басқаруды;

3) ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік деңгейде қамтамасыз етуді;

4) ұшу қауіпсіздігі мәселелерін мемлекеттік деңгейде танымал етуді қамтиды.

3. Азаматтық авиациядағы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері қызметінің негізгі басымдығы және міндеттемесі болып табылады.";

10) 12-2-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетігін, қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздерін, іске асырудан күтілетін нәтижені және индикаторларды қамтиды.";

11) 14-бапта:

1-тармақта:

2-1) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша "пайдаланушылардың" деген сөзден кейін "қызметі көрсетілетін қызметтерді ұсыну барысында әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтарының" деген сөздермен толықтырылсын;

25) және 41-3) тармақшалар алып тасталсын;

41-14) тармақшадағы "мен оқыс оқиғалар" деген сөздер алып тасталсын;

41-20) тармақшадағы "үлгі" деген сөз "тип" деген сөзбен ауыстырылсын;

41-40) тармақшадағы "әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) азаматтық әуе кемелерін пайдалануға жарамдылығы" деген сөздер "азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

41-46) және 41-53) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"41-46) Қазақстан Республикасында азаматтық әуе кемелерінің ұшуына құстар мен өзге де жануарлар туындататын қауіптерді басқару қағидаларын бекітеді;"

"41-53) әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметіне қойылатын сертификаттау талаптарын бекітеді;"

41-60) тармақша алып тасталсын;

41-72) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"41-72) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларын бекітеді;"

41-73) тармақшадағы "әуежай аумағында" деген сөздер "әуежай (әуеайлақ) аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 41-74), 41-75), 41-76), 41-77) және 41-78) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-74) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жылына екі жүз мың жолаушыдан аз жолаушылар легімен операциялық шығындарды жабу үшін кірістердің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтін коммуналдық меншіктегі әуежайларды субсидиялау тәртібін бекітеді;

41-75) әуе кемесін жерде мұз қатуға қарсы қорғау жөніндегі қағидаларды бекітеді;

41-76) азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекітеді;

41-77) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлемдер мөлшерлемелерін бекітеді;

41-78) монополияға қарсы органмен келісу бойынша инфрақұрылымдық алымдарды есептеу әдістемесін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ведомствосы өз құзыреті шегінде осы Заңның 16-6-бабы 2-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

12) 15-1-баптың 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30) және 31) тармақшалары алып тасталсын;

13) 16-бапта:

1-тармақтағы "азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының, әуе кемелерінің," деген сөздер "пайдаланушылардың және азаматтық авиация ұйымдарының, әуе кемелерінің, пилотсыз авиациялық жүйелердің," деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларында, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесінде және азаматтық авиация саласындағы төлемдер мөлшерлемелерінде айқындалған тәртіппен және мөлшерлерде азаматтық авиация саласындағы төлемдер алынады. Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау көрсетілген төлемдер азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджетіне төленгеннен кейін жүзеге асырылады.";

6-тармақта:

бірінші бөліктегі "1-санат, 2-санат және 3-санат болып үш санатқа" деген сөздер және "1-деңгей, 2-деңгей және 3-деңгей болып үш деңгейге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.";

үшінші бөліктегі "санатқа" деген сөз "деңгейге" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде жойылуға тиісті сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.";

7-тармақтағы "3-санаттағы" деген сөздер "1-деңгейдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "санаттағы" деген сөз "деңгейдегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "мерзім белгілейді" деген сөздер "мерзімді келіседі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "бекітеді" деген сөз "келіседі" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші бөлік "тексеру" деген сөзден кейін "немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

"ұйым белгілеген" деген сөздер "ұйыммен келісілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2-санаттағы" деген сөздер "2-деңгейдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"3-санаттағы" деген сөздер "1-деңгейдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "1-санаттағы" деген сөздер "3-деңгейдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 16-3-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірінші деңгейдегі бұзушылыққа:

1) авиация инспекторын құжаттамаға, пайдаланушының және (немесе) азаматтық авиация ұйымдарының объектілеріне (әуе кемелерін, ғимараттарды, құрылысжайларды, әуежайларды (әуеайлақтарды), аэронавигациялық қызмет көрсету объектілерін, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарды, ұшуға жарамдылық ұйымдарын, шеберханаларды, перрондарды, жүктерді өңдеу аймақтарын, авиациялық оқу орталықтарын, ангарларды, отын сақтау қоймаларын, қызметтік үй-жайларды қоса алғанда) жіберуден бас тарту;

2) ұсынылған құжаттарды бұрмалау арқылы пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының сертификат (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлік) алуы, сертификаттау талаптарына сәйкестікте ұстап тұруы;

3) пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының заңға қайшы іс-қимылдар жасауы немесе сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) заңсыз пайдалануы;

4) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бекітуіне жататын құжаттамаға осындай ұйымның тиісті бекітуінсіз өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

5) екінші деңгейдегі бұзушылық кезінде пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының түзету іс-қимылдарының жоспарын азаматтық авиация

саласындағы уәкілетті ұйымға оған бағалау жүргізу үшін белгіленген мерзімде ұсынбауы немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым келіскен немесе ұзартқан мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындамауы;

6) әуе кемесін пайдаланушының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға авиациялық оқиға туралы деректерді белгіленген мерзімде ұсынбауы;

7) осы Заңға сәйкес сертификаттың (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәліктің) қолданылуын тоқтата тұруға не сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) кері қайтарып алуға негіз болған өзге де жағдайлар кіреді .";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген бірінші деңгейдегі бұзушылықтарға жол берілген жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сертификатты (авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) кері қайтарып алады.";

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы "мерзім белгілейді. Азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы" деген сөздер "мерзімді келіседі. Пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы", "бекітеді", "Азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы" деген сөздер тиісінше "пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы", "келіседі", "Пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

бірінші бөліктегі "азаматтық авиация пайдаланушысының немесе ұйымының", "тексеру" деген сөздер тиісінше "пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының", "тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "азаматтық авиация пайдаланушысы немесе ұйымы", "ұйым белгілеген" деген сөздер тиісінше "пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы", "ұйыммен келісілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдары", "белгіленген" деген сөздер тиісінше "пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдары", "келісілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 16-4-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі ", сондай-ақ авиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін шолу" деген сөздер алып тасталсын;

16) 16-6-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "авиация персоналының біліктілігі туралы ақпаратты қоса алғанда, азаматтық авиацияның пайдаланушылары мен ұйымдарынан

ақпарат, құжаттар сұратуға, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдарды талап етуге" деген сөздер "пайдаланушылардан және азаматтық авиация ұйымдарынан ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, авиация персоналының біліктілігі туралы ақпаратты қоса алғанда, ақпарат, құжаттар сұратуға, сондай-ақ өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдарды талап етуге, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ықтимал кемшіліктерді анықтау мақсатында авиация персоналына сауалнама жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 3) тармақшасы "тексеру" деген сөзден кейін "немесе бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Азаматтық авиацияның пайдаланушысы немесе ұйымы", "қызметтік куәлікті" деген сөздер тиісінше "Пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы", "авиация инспекторы куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың бірінші абзацы "үшін" деген сөзден кейін "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қаражаты есебінен" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Авиация инспекторлары өздерінің қызметтік міндеттерін атқармағаны немесе тиісінше атқармағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

9. Авиация инспекторларының:

1) өздерінің материалдық мүдделерін, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының, жекжаттарының және (немесе) өзге де тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануына;

2) шешімдер дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз артықшылық беруіне;

3) осы Заңға сәйкес жүктелген функцияларды орындау кезінде алынған ақпаратты, егер мұндай ақпарат ресми таратуға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерде пайдалануына;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында берілуі көзделмеген ақпаратты жеке немесе заңды тұлғалардан талап етуіне тыйым салынады.

Авиация инспекторының осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарын бұзуы, егер онда бұл қылмыстық құқық бұзушылық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолдануға не жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға алып келеді.";

17) 16-9-баптың 2-тармағында:

4) және б) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ ұшуға жарамдылығы жөніндегі директивалар мен өзге де директивалар шығарады;"

"6) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының пилотсыз авиациялық жүйелерінің тізілімін жүргізеді;"

9) тармақшада:

"пайдаланушының сертификатын," деген сөздерден кейін "пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушы сертификатын," деген сөздермен толықтырылсын;

"орталығының сертификатын," деген сөздерден кейін "тренажердің сәйкестік сертификатын," деген сөздермен толықтырылсын;

"ұшуға жарамдылығы сертификатын," деген сөздерден кейін "пилотсыз авиациялық жүйелердің ұшуға жарамдылығы сертификатын," деген сөздермен толықтырылсын;

"жете тексеруді ұйымдастыруы жөніндегі сертификатты" деген сөздер "сертификатын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"орталықтың сертификатын" деген сөздерден кейін ", азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігі куәлігін" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшада:

"(авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерге)" деген сөздерден кейін ", елді мекендердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшуды орындауға арналған рұқсаттарға, пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып авиациялық жұмыстарды орындауға арналған рұқсаттарға" деген сөздермен толықтырылсын;

"енгізеді, сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді)" деген сөздерден кейін ", елді мекендердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшуды орындауға арналған рұқсаттарды, пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып авиациялық жұмыстарды орындауға арналған рұқсаттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

"сертификаттау талаптарын" деген сөздер "белгіленген талаптарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кезде сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді)" деген сөздерден кейін ", елді мекендердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшуды орындауға арналған рұқсаттарды, пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып авиациялық жұмыстарды орындауға арналған рұқсаттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақшадағы "жете тексеруді жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) осы Заңда белгіленген жағдайларда әуе кемесін пайдалануға шектеулер белгілейді (тыйым салуды енгізеді) не әуе кемесін жерде кідіртеді;"

16) тармақша "қамтамасыз етілуін" деген сөздерден кейін ", аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етілуін, аспаптар арқылы ұшу схемаларының әзірленуін және аэронавигациялық карталардың жасалуын" деген сөздермен толықтырылсын;

27) тармақшадағы "мен оқыс оқиғалар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 30-1), 30-2), 30-3), 30-4), 30-5), 30-6) және 30-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-1) елді мекендердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшуды орындауға арналған рұқсат береді;

30-2) пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып, авиациялық жұмыстарды орындауға арналған рұқсатты береді;

30-3) авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасына сәйкес авиациялық қауіпсіздік жөніндегі персоналды жұмысқа жіберуді жүзеге асырады;

30-4) авиация персоналының куәліктерін беруге байланысты даярлау мен бағалаудың құзыреттілік жүйесін іске асыруды жүзеге асырады;

30-5) ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша шет мемлекеттердің авиациялық билігімен және мамандандырылған халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде ынтымақтастық туралы екіжақты келісімдер жасасу, тәжірибе және ақпарат алмасу, сондай-ақ халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету арқылы жүзеге асырады;

30-6) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасынан орын алған айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымын (ИКАО) уақтылы хабардар етуді және оларды аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауды қамтамасыз етеді;

30-7) жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады;"

18) 16-10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру азаматтық авиация саласындағы төлемдердің түсімдері есебінен жүзеге асырылады, олар қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды өтеу, оның қызметінің шығынсыз болуын қамтамасыз ету және өз кірістері есебінен қаржыландыру үшін жеткілікті болуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларында айқындалатын тәртіппен азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алуға құқылы.";

19) 16-11-бап алып тасталсын;

20) 2-1-тарау мынадай мазмұндағы 16-13-баппен толықтырылсын:

"16-13-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысы

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға басшылықты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларды жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.";

21) 17-бапта:

2-тармақта:

1) тармақшада:

", жергілікті әуе желілерінде" деген сөздер алып тасталсын;

"әуеайлақтар аумағында" деген сөздер "әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) аудандарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аэронавигациялық ұйымның" деген сөздер "аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада:

"және жергілікті әуе желілерінен" деген сөздер алып тасталсын;

"аэронавигациялық ұйымның" деген сөздер "аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі ", сондай-ақ сыныпталмайтын әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) аудандарын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Егемендігі айқындалмаған әуе кеңістігінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жауапты болатын шектес мемлекеттердің берілген әуе кеңістігінде әуе қозғалысын ұйымдастыруды және оған қызмет көрсетуді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші жүзеге асырады.

Жекелеген әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) аудандарында әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші жүзеге асыра алады.";

8-тармақтағы "органмен" деген сөз "ұйыммен" деген сөзбен ауыстырылсын;

22) 19-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтар" деген сөздерден кейін ", пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтар" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 20-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дүлей зілзалалар кезінде халыққа медициналық және (немесе) гуманитарлық көмек көрсету үшін әуе кемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халқына медициналық және (немесе) гуманитарлық көмек көрсету үшін сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган растаған шетелдік әуе кемелері;"

24) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ егемендігі айқындалмаған, Қазақстан Республикасы әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жауапты болатын әуе кеңістігінде аэронавигациялық ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

Аэронавигациялық ақпаратты қамтамасыз ету Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына және азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

25) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Әуе кемесінің ұшу жоспары

Жоспарланған ұшуға немесе ұшудың бір бөлігіне қатысты әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) әуе қозғалысын басқару органдарына жіберілуге жататын ақпарат осы Заңда көзделген әуе кеңістігін пайдалануға арналған рұқсаттар болған кезде және:

1) ұшу жоспары ұсынылатын жағдайлар;

2) ұшу жоспарын ұсыну, ұшу жоспарына өзгерістер енгізу және оны жабу тәртібі, сондай-ақ ұшу жоспарының мазмұны;

3) бақыланбайтын әуе кеңістігіндегі ұшу туралы хабарлау тәртібі айқындалатын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес ұшу жоспары нысанында беріледі.";

26) 27-бапта:

1-тармақтың б) тармақшасы "болғызбау жағдайларын" деген сөзден кейін "және (немесе) әуе қозғалысына қызмет көрсету органы әуе трассасынан тыс ұшуды орындауға рұқсат берген кездегі жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі "бойынша" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 30-баптың 5-тармағындағы "кезінде радиоалмасу фразеологиясының" деген сөздер "кезіндегі фразеология және радиоалмасу" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 31-бапта:

2-тармақ "Әуе кемелерінің" деген сөздерден кейін "және пилотсыз әуе кемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "ұшу аппараттарының" деген сөздер "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 33-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшу";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пилотсыз әуе кемесі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында және пилотсыз әуе кемесінің пайдалану құжаттамасында белгіленген шарттар сақталып, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру, мүлікті зақымдау (бүлдіру) қатері, басқа әуе кемелері үшін қауіп барынша азайтылып пайдаланылуға тиіс.";

2-тармақта:

"Қалалардың немесе кенттердің" деген сөздер "Елді мекендердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұшу аппаратының" деген сөздер "әуе кемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұшу аппараттарын" деген сөздер "авиациялық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ұшу аппараттарының" деген сөздер "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "ұшу аппараттары" және "ұшу аппараттарының" деген сөздер тиісінше "әуе кемелері" және "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Қашықтан сәйкестендіру жүйесі жоқ немесе қашықтан сәйкестендіру жүйесі жұмыс істемейтін пилотсыз авиациялық жүйелерді қолданып ұшу Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында айқындалатын жағдайларда және тәртіппен шектеледі.

6. Осы баптың ережелерін бұзғаны үшін пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылықта болады.

7. Сериялы шығаруға арналған жаңа конструкциядағы (жаңа типтегі) пилотсыз авиациялық жүйенің зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

8. Пилотсыз авиациялық жүйенің сәйкестік сертификатын беруді Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

9. Бекітілген типтік конструкциясы жоқ пилотсыз авиациялық жүйенің әрбір данасында оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкестігіне азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сәйкестік куәлігі болуға тиіс.";

30) 41-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "ұшу" деген сөзден кейін ", әуе қозғалысына қызмет көрсету органы әуе трассасынан тыс ұшуды орындауға рұқсат берген кездегі жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "жергілікті әуе желілері," деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "тәртіптен" деген сөз "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 42-бапта:

тақырып "кемелерінің" деген сөзден кейін "және пилотсыз авиациялық жүйелердің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Пилотсыз авиациялық жүйелердің сыныптамасы пилотсыз әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамалары мен деректеріне қарай Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында айқындалады.";

32) 43-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Типті сертификаттау";

1-тармақта:

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"кемесінің" деген сөзден кейін ", қозғалтқыштың және әуе винтінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"ол" деген сөз "олар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2-тармақтағы "кемелерінің үлгісін сертификаттау Үлгіні сертификаттау және сертификат" деген сөздер "кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің типін сертификаттау Сертификаттау және тип сертификатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "үлгі" деген сөз "тип" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің бекітілген типтік конструкциясының немесе ұшуға жарамдылығына әсер ететін олардың

пайдалану-техникалық құжаттамасының барлық өзгерістері тип сертификатына қосымшаны алу үшін немесе сертификаттау және тип сертификатын беру қағидаларында айқындалатын жағдайларда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қосымша сертификаттауына, модификацияны немесе жөндеуді бекітуді алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның конструкцияның өзгерістерін бағалауына жатады.";

33) 45-бапта:

тақырып "тіркеу" деген сөзден кейін ", пилотсыз авиациялық жүйелерді тіркеу және есепке алу" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "әуе кемесінің" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Пилотсыз авиациялық жүйелер пайдалану мақсатында меншік құқықтарын иемденген кезден бастап Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда немесе Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда есепке алуға немесе тіркелуге жатады.

Есепке алуға немесе тіркелуге жататын пилотсыз авиациялық жүйелердің санаттары Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында немесе Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларында айқындалады.

Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану мақсатында иемденетін тұлғалар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға есепке қою немесе тіркеу туралы өтінішпен жүгінеді.

7. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген азаматтық әуе кемелері туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының пилотсыз авиациялық жүйелері тізілімінде тіркелген немесе есепте тұрған пилотсыз авиациялық жүйелер туралы мәліметтер мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

34) 46-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 4-1) тармақшасындағы "бір" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

35) 47-бапта:

тақырып "кемелерін" деген сөзден кейін ", пилотсыз авиациялық жүйелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "ұшуға жарамды" деген сөздер "ұшуды орындау үшін жарамды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"жарақтандырылған" деген сөзден кейін ", ұшуға жарамдылықта ұсталған" деген сөздермен толықтырылсын;

"ұшуға" деген сөз "ұшуды орындау үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Тиісті санаттар үшін пилотсыз авиациялық жүйелердің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында айқындалған тәртіппен пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Пилотсыз авиациялық жүйе ұшуды орындау үшін жарамды болуға тиіс және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкес пайдалануға жіберіледі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Пилотсыз авиациялық жүйелердің ұшуға жарамдылығын ұстап тұру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

6-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес әуе кемесін ұшу алдында қарап-тексеру (дайындау) орындалмаған ;";

4) тармақшадағы "(регламентке) сәйкес", "орындалмаған жағдайларда ұшуды орындауға тыйым салынады." деген сөздер тиісінше "сәйкес", "орындалмаған;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бекіткен жабдықтың ең аз тізбесін және конфигурацияның ауытқулар тізбесін ескере отырып, қауіпсіз пайдалануға әсер ететін ақаулар мен зақымданулар жойылмаған;

6) әуе кемесі авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі талаптар бұзыла отырып пайдалануға жіберілген;

7) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының және сенімділік бағдарламасының тиімділігін жыл сайынғы бағалау орындалмаған;

8) ұшу қауіпсіздігіне қатысты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның хабарламасын қоса алғанда, әуе кемесіне, оның бөлшектері мен құрамдастарына қатысты ұшуға жарамдылық жөніндегі директива мерзімінде орындалмаған;

9) әуе кемесінің массасы мен оны орталықтау жөніндегі деректер әуе кемесінің ағымдағы конфигурациясына сәйкес келмеген жағдайларда ұшуды орындауға тыйым салынады.";

8-тармақта:

үшінші бөліктің бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау:

1) әуе кемесінің пайдалану-техникалық құжаттамасын, ұшуға жарамдылықты ұстап тұру жөніндегі есептік деректерді тексеруді,";

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

8-1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"Арнайы ұшуға рұқсат" деген сөздер "Арнаулы ұшуды орындауға рұқсат (ұшуға жарамдылықтың арнайы сертификаты)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қолданыстағы ұшуға" деген сөздер ", осы Заңның 44-бабында көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген және қолданыстағы ұшуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сертификаты жоқ" деген сөздерден кейін "немесе ұшуға жарамдылық сертификатын беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнаулы ұшуды орындауға арналған рұқсатты беру алдында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұшуды қауіпсіз орындау үшін әуе кемесінің жай-күйіне бағалау жүргізуге және оны пайдалануға қажетті шектеулер белгілеуге міндетті. Арнаулы ұшуды орындау кезінде әуе кемесінің бортында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.";

12-тармақта:

"Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылған азаматтық әуе кемесін экспорттау үшін" деген сөздер "Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен алып тастауға жататын азаматтық әуе кемесін экспорттау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл құжат ұшуды орындау мақсаты үшін жарамды болып табылмайды және экспорттаушы мемлекеттің әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы жай-күйінің соңғы тексеруінің оң нәтижелерін растауы болады.";

36) 48-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

"(регламенттері)" деген сөз алып тасталсын;

"жүзеге асырылады" деген сөздерден кейін ", бұлар, егер кемені тіркеген мемлекет болып табылмаса, пайдаланушының мемлекетімен келісіледі" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші және үшінші бөліктердегі "(регламентін)" деген сөз алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі "сертификаттауды" деген сөзден кейін "авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "ұйым" деген сөзден кейін "толық немесе ішінара" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 49-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Пилотсыз авиациялық жүйелерді тіркеу кезінде оларға мемлекеттік белгілер және тіркелетін танылым белгілері беріледі, олар пилотсыз әуе кемелеріне азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік белгілер, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді салу тәртібіне сәйкес салынады.";

38) 54-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметі әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның сертификатталған авиациялық оқу орталығы өз қызметтерін көрсету барысында ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулыққа сәйкес орындалатын жұмыстардың көлемі мен күрделілігіне қарай ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін ендіруге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 2-3-тармақпен толықтырылсын:

"2-3. Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының нұсқаушы және емтихан алушы персоналы азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларында айқындалатын тәртіппен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісіледі. Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының нұсқаушы және емтихан алушы персоналына қойылатын біліктілік талаптары авиациялық оқу орталықтарына қойылатын сертификаттау талаптарында белгіленеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Авиация персоналына жататын адамдар кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіптік даярлықтан өтуге міндетті.

Әуе кемелерінің ұшуын орындаумен және қамтамасыз етумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен, әуе қозғалысына қызмет көрсетумен тікелей байланысты адамдар кәсіптік қызметке осындай қызметті жүзеге асыру құқығына арналған қолданыстағы куәлігі, қолданыстағы біліктілік белгілері және (немесе) тиісті сыныптағы медициналық сертификаты болған кезде жіберіледі.

Авиация персоналы куәлігін беру және оның қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ біліктілік белгілері мен арнайы белгілер енгізу және олардың қолданылу мерзімін ұзарту азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиация персоналы куәлігіне біліктілік белгілері мен арнайы белгілер енгізуді әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібіне сәйкес жүзеге асырады.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым авиация персоналы куәліктерін шет мемлекеттердің авиациялық билігі куәліктерде берілетін құқықтарды және біліктілік белгілері мен арнайы белгілердің қолданылу мерзімдерін қиындықсыз айқындай алатындай етіп ресімдеуді қамтамасыз етеді.";

6-4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) авиация персоналының куәлігі жоғалған, ұрланған, бүлінген немесе оның иесі тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауыстырған;"

3) тармақшадағы "қайтыс болған;" деген сөздер "қайтыс болған жағдайларда, тоқтатылады." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша алып тасталсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әуе қозғалысына қызмет көрсетумен тікелей байланысты авиация персоналының жұмыс уақыты режимінің ерекшеліктері әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта айқындалады.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Психикалық белсенді заттарды тұтынатын (тұтынған) барлық куәлік иелері анықталады және ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін функцияларды орындаудан босатылады.";

39) мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:

"54-1-бап. Азаматтық авиация саласындағы медициналық қамтамасыз ету

1. Авиация персоналына, сондай-ақ міндетті медициналық куәландыруға және медициналық қарап-тексеруге жататын адамдар санатына қойылатын азаматтық авиация саласындағы медициналық куәландыру, медициналық қарап-тексеру жөніндегі

талаптар Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасы негізінде әзірленген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларында белгіленеді.

2. Авиация персоналын медициналық куәландыруды авиациялық медициналық орталықтарда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сертификаттаған авиациялық медициналық сарапшылар жүргізеді. Жеңіл және аса жеңіл авиация пилоттарын медициналық куәландыруды авиациялық медициналық сарапшы жүргізе алады, оған қойылатын талаптар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларында белгіленеді.

Авиациялық медициналық сарапшылар медициналық куәландыру жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

Авиациялық медициналық орталықтарға қойылатын сертификаттау талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым:

1) авиациялық медициналық орталық сертификатының иесінен осы Заңның 16-3-бабына сәйкес түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуды және оны орындауды талап етеді;

2) егер түзету іс-қимылдарының жоспарында келісілген мерзімдерде сертификаттау талаптарын бұзушылық жойылмаса, авиациялық медициналық орталықтың осындай сертификатының (немесе сертификатта көрсетілген қызметтің рұқсат етілген түрлерінің (кіші түрлерінің) қолданылу аясын толық не ішінара тоқтата тұрады;

3) авиациялық медициналық орталық сертификатын, егер оның қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап бір жыл ішінде сертификаттау талаптарын бұзушылық жойылмаса, кері қайтарып алады.

Авиациялық медициналық орталық сертификатының қолданылуына авиациялық медициналық орталықтарды сертификаттау қағидаларына сәйкес оның иесінің өтініші бойынша да толық не ішінара шектеу қойылуы мүмкін.

Авиациялық медициналық сарапшыларға қойылатын сертификаттау талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым:

1) авиациялық медициналық сарапшыларға қойылатын сертификаттау талаптарын бұзушылықтар жойылғанға дейін үш айға дейінгі мерзімге авиациялық медициналық сарапшының осындай сертификатының (немесе сертификатта көрсетілген қызметтің рұқсат етілген түрлерінің (кіші түрлерінің) қолданылуы аясын толық не ішінара тоқтата тұрады;

2) авиациялық медициналық сарапшы сертификатын, егер оның қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап үш ай ішінде сертификаттау талаптарын бұзушылық жойылмаса, кері қайтарып алады.

Авиациялық медициналық сарапшы сертификатының қолданылуы:

1) медициналық куәландыру және сертификаттау талаптары бөлігінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған;

2) авиациялық медициналық сарапшы сертификатының иесі өтінішті үш айдан аспайтын мерзімге берген жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Авиациялық медициналық сарапшының сертификаты:

1) авиациялық медициналық сарапшы сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап үш ай ішінде сәйкессіздік жойылмаған;

2) авиациялық медициналық сарапшы сертификатының иесі өтініш берген жағдайларда кері қайтарып алынады.

Авиациялық медициналық сарапшы сертификатын тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібі авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларында айқындалады.

Авиациялық медициналық сарапшы сертификатының қолданылуына авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларына сәйкес оның иесінің өтініші бойынша да толық не ішінара шектеу қойылуы мүмкін.

Авиациялық медициналық сарапшыға қатысты азаматтық авиация саласындағы медициналық куәландыруға қойылатын талаптарды бұзушылық анықталған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым:

1) азаматтық авиация саласындағы медициналық куәландыруға қойылатын талаптарды бұзушылық анықталған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды береді;

2) азаматтық авиация саласындағы медициналық куәландыруға қойылатын талаптарды бұзушылық әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды қайта береді және авиациялық медициналық сарапшы сертификатын кері қайтарып алады.

3. Медициналық куәландырудан өту кезінде медициналық куәландырудан өтуге өтініш беруші авиациялық медициналық сарапшыға өзіне белгілі және ұшуды орындау үшін қауіп төндіретін ауруларының бар екені туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

Денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға сай келмеген жағдайда медициналық сертификат, егер мынадай шарттар сақталса:

1) сараптамалық медициналық қорытындыда өтініш берушінің қандай да бір талапқа сай келмеуі ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірмейтіні көрсетілсе;

2) өтініш берушінің тиісті қабілеттері, біліктілігі мен тәжірибесі, сондай-ақ оның жұмыс істеу жағдайлары тиісті түрде ескерілсе;

3) куәлікте арнайы шектеу немесе шектеулер туралы белгі қойылса, беріледі немесе қайта жаңартылады.

Әуе кемелерінің ұшуын орындаумен және қамтамасыз етумен, әуе қозғалысына қызмет көрсетумен тікелей байланысты адамның медициналық куәландырудан өту кезінде өзіне белгілі және ұшуды орындау үшін қауіп төндіретін ауруларының бар екені туралы ақпаратты жасыруы анықталған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым:

1) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды береді және бұзушылықтар жойылғанға дейін авиация персоналы куәлігінің қолданылуын тоқтата тұрады;

2) әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде бұзушылық қайталап жасалған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға материалдарды қайта береді және авиация персоналы куәлігін кері қайтарып алады.";

40) 55-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "жұмысқа жалдану үшін" деген сөздер алып тасталсын;

41) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшы қызметкерлері

1. Ұшу қызметінің басшысы, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция басшысы, ұшуға жарамдылығын ұстап тұру жөніндегі басшы, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу басшысы, сапаны бақылау қызметінің басшысы (жеңіл және аса жеңіл авиацияны қоспағанда) азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшы қызметкерлері деп танылады.

Азаматтық авиация ұйымдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптарында белгіленеді.

2. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға дербес жауапкершілік пайдаланушының және азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысына жүктеледі.

Пайдаланушының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құжатпен расталатын, азаматтық авиация саласындағы басшы лауазымдарда кемінде 3 жыл (немесе тағайындалған күннен бастап үш ай ішінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі курсты кейіннен өту шартымен басқа салалардағы басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл) жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.";

42) 59-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Пайдаланушы ұшуды қауіпсіз жүргізуге және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуына жауапты болады.";

43) 60-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бастапқы сертификаттау кезінде өтініш беруші жоспарланған қызметті жүзеге асыру және ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін авиация персоналын кәсіптік даярлауға, әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын ұстап тұруға, жабдықтар, құралдар сатып алуға, еңбекақы қорына қаржы ресурстарын бөлуді және өзге де шығыстарды қамтитын қызметтің толық қаржылық-экономикалық жоспарын ұсынады. Қызметтің қаржылық-экономикалық жоспарын пайдаланушы сертификатын алуға үміткер заңды тұлғаның меншік иесі (қатысушылары, акционерлері) бекітеді. Жеткілікті қаржы ресурстарының болуы өтініш берушінің банктік шотынан соңғы үш айдағы тиісті үзінді көшірмемен расталады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым осы Заңның 16-3-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне және 39-бабының 5-1-тармағына сәйкес, сондай-ақ:

1) егер өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген, оған осы қызмет түрін көрсетуге тыйым салатын шешімі болған;

2) пайдаланушының жазбаша өтініші болған жағдайларда, пайдаланушы сертификатын және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті кері қайтарып алады.

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификатын және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті кері қайтарып алу тәртібі тиісінше азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оның сертификатын беру қағидаларында және пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидаларында айқындалады.";

44) 61-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "сексен" деген сөз "жетпіс бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "сексен" деген сөз "жетпіс бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 64-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сертификатталған әуеайлақты (тікұшақ айлағын), азаматтық авиация әуежайын пайдаланушы ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін ендіруге міндетті, ол жүзеге асырылатын әуежай қызметінің көлемі мен күрделілігіне сәйкес келуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жылына екі жүз мың жолаушыдан кем жолаушылар легімен операциялық шығындарды жабу үшін кірістердің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтін коммуналдық меншіктегі азаматтық авиация әуежайлары облыстардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жатады.

5. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық авиация әуежайын пайдаланушының аса маңызды ұшуға жетекшілік ететін лауазымды адамы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен келісу бойынша тағайындалады. Әуежайды пайдаланушының бірінші басшысына тікелей бағынатын Қазақстан Республикасының азаматы ғана республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық авиация әуежайын пайдаланушының аса маңызды ұшуға жетекшілік ететін лауазымды адамы бола алады.";

46) 65-бапта:

1-тармақта:

екінші және үшінші бөліктердегі "әуежайды", "әуежай аумағында", "әуежайдың" деген сөздер тиісінше "әуежайды (әуеайлақты)", "әуежай (әуеайлақ) аумағында" "әуежайдың (әуеайлақтың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

"Әуежайды" деген сөзден кейін "(әуеайлақты)" деген сөзбен толықтырылсын;

"жүзеге асыратын әуежай қызметінің түрі жерде қызмет көрсету деп танылады" деген сөздер "жерде қызмет көрсетуді жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "әуежайды", "әуежай аумағына", "әуежай аумағында", "Әуежай" деген сөздер тиісінше "әуежайды (әуеайлақты)", "әуежай (әуеайлақ) аумағына", "әуежай (әуеайлақ) аумағында", "Әуежай (әуеайлақ)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"Әуежайды", "әуежайдың" деген сөздер тиісінше "Әуежайды (әуеайлақты)", "әуежайдың (әуеайлақтың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтемақы төлемін төлеу" деген сөздер "инфрақұрылымдық алым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтардағы "Әуежайды", "әуежайдың" деген сөздер тиісінше "Әуежайды (әуеайлақты)", "әуежайдың (әуеайлақтың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 65-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

"Ішкі рейстерге" деген сөз "Рейстерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жоғалған заттарды табу бюросы" деген сөздер "багажды іздестіру пункті, сақтау камералары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Аэровокзалдардағы медициналық пункттерге қойылатын талаптар азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларында белгіленеді.";

48) 66-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "Азаматтық" деген сөз "Сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) және қону алаңдарын қоспағанда, азаматтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық авиация пайдаланатын сертификатталмайтын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары), уақытша әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) және қону алаңдары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен сертификатталмайтын әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының), уақытша әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) және қону алаңдарының пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келуге тиіс.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азаматтық авиация пайдаланатын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары), сондай-ақ бірлесіп пайдаланылатын және орналастырылатын әуеайлақтар сертификаттауға жатады, оларда:

1) халықаралық ұшу;

2) әуе кемелерінің кез келген типінде тұрақты жолаушылар рейстері;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, жолаушылар орындарының саны жиырмадан асатын жолаушылар әуе кемелерінің ұшуы;

4) ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан асатын әуе кемелерінің коммерциялық ұшуы;

5) жолаушылар әуе кемелерінің түнгі уақытта ұшуы;

6) жолаушыларды ашық теңіздегі жылжымайтын немесе қалқымалы объектілерге (теңіз кемелеріне, қондырғыларға) тасымалдауға арналған әуе кемелерінің ұшуы орындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған ұшу орындалмайтын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) сертификаттауды талап етпейді. Алайда мұндай әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтінімі бойынша сертификаттауға жол беріледі.

3. Сертификатталатын әуеайлақ (тікұшақ айлағы) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы оның жарамдылығы туралы сертификатты алғаннан кейін пайдалануға жіберіледі.

Сертификатталмайтын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары), уақытша әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) мен қону алаңдары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымды олардың ашылғаны туралы хабардар еткеннен және азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына немесе сертификатталмайтын әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының), уақытша

әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) және қону алаңдарының пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын пайдалануға жарамдылық актісін ұсынғаннан кейін пайдалануға жіберіледі.";

5-тармақта:

"сыныпталмайтын әуеайлақты" деген сөздер "сертификатталмайтын әуеайлақты (тікұшақ айлағын)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уақытша әуеайлақтар" деген сөздерден кейін "(тікұшақ айлақтары)" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 1) тармақшасындағы "азаматтық әуеайлақтардың" деген сөздер "азаматтық авиация әуеайлақтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтағы "әуеайлақтардың" деген сөз "азаматтық авиация әуеайлақтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатының бүкіл қолданылу кезеңі немесе сертификатталмайтын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) үшін бүкіл пайдалану кезеңі ішінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сертификаттау талаптарына сәйкестігі үшін жауаптылық әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыға жүктеледі.

Бүкіл пайдалану кезеңі ішінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, уақытша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) және қону алаңының пайдалануға жарамдылығының сәйкестігі үшін жауаптылық пайдаланушыға немесе меншік иесіне жүктеледі.";

49) 67-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтардан (тікұшақ айлақтарынан)" деген сөздер "Сертификатталмайтын әуеайлақтардан (тікұшақ айлақтарынан), уақытша әуеайлақтардан (тікұшақ айлақтарынан) және қону алаңдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын)," деген сөздер "сертификатталмайтын әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) және" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 68-бапта:

2-тармақ:

"Әуеайлақтар" деген сөзден кейін "(тікұшақ айлақтары)" деген сөздермен толықтырылсын;

"жағдайлар бойынша" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған және төтенше жағдай енгізілген кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 2) тармақшасы "көмек көрсету" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган растаған Қазақстан Республикасының халқына медициналық және (немесе) гуманитарлық көмек көрсету" деген сөздермен толықтырылсын;

51) 71-бапта:

1-тармақтағы "сыныпталған" деген сөз "сертификатталатын" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Халықаралық әуежайдың әуежай инфрақұрылымын дамытудың егжей-тегжейлі кезеңдерін және басым міндеттерді іске асыру жоспарын қоса алғанда, олардың тізбесін қамтитын бас жоспары болуға тиіс. Бас жоспарды әуежайды пайдаланушы экономикалық орындылық туралы ақпараттың, тасымалдар болжамдарының, әуе кемелерін пайдаланушылар қоятын ағымдағы және болашақ талаптардың негізінде әзірлейді, сондай-ақ әуеайлақтағы әуе қозғалысының көлемін ескере отырып, кезең-кезеңмен қайта қарайды.

Бас жоспарды жасау кезінде әуеайлақ қызметіне қатысушы тараптармен, атап айтқанда, әуе кемелерін пайдаланушылармен консультациялар жүргізу қажет. Әуе кемелерін пайдаланушылар әуежайды дамытудың бас жоспарын жасауға жәрдемдесу мақсатында әуежайды пайдаланушыға пайдалануға беру болжанып отырған әуе кемелерінің типтері, сипаттамалары мен саны, әуе кемелері операциялары санының күтілетін ұлғаюы және жолаушылар мен жүк тасымалының болжамды көлемі туралы ақпарат беруге тиіс.";

52) 74-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

53) 76-баптың 5-тармағының төртінші бөлігінде:

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"тасымалдау қағидаларында" деген сөздер "тасымалдау жөніндегі нұсқаулықта" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 77-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тасымалдаушының кінәсінен немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейс мәртебесі өзгерген кезде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген көрсетілетін қызметтерге;"

55) 78-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлік 4) тармақшасындағы "орындамаған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін." деген сөздер "орындамаған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) осы Заңның 78-1-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жолаушы авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізілген жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Авиакомпанияның бастамасы бойынша әуемен тасымалдау шартын жолаушының жасалғаны үшін бұрын тасымалдаушының бастамасы бойынша әуемен тасымалдау

шарты тоқтатылып қойған әрекеттері үшін, сондай-ақ егер жолаушы осы Заңның 78-1-бабына сәйкес авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізілмеген болса, қайтадан тоқтатуға жол берілмейді.";

3-тармақтағы "Жолаушыны" деген сөз "Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, жолаушыны" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) мынадай мазмұндағы 78-1-баппен толықтырылсын:

"78-1-бап. Авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізілімі

1. Осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер авиакомпания жеке тұлғаны немесе жолаушыны авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізсе, осы авиакомпания жеке тұлғаға әуемен тасымалдау шартын жасасудан бас тартады немесе жолаушымен әуемен тасымалдау шартын біржақты тәртіппен тоқтатады.

2. Жолаушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 441-бабының 1-2-бөлігінде, 564-бабының бесінші бөлігінде және 566-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабы екінші бөлігінің 4) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілеріне сәйкес келуі мүмкін әрекеттер жасау фактісі туралы әуе кемесінің командирі не аға бортжолсерігі авиакомпания басшысын немесе басшысының міндетін атқарушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

Әуе кемесінің бортында жолаушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-1, 73-2 және 434-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық белгілеріне сәйкес келуі мүмкін әрекеттер жасау фактісі туралы әуе кемесінің командирі не аға бортжолсерігі авиакомпанияның басшысын немесе басшысының міндетін атқарушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

3. Жолаушыны авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізу туралы шешімді осы баптың 2-тармағында көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін соттың әкімшілік жаза қолдану туралы заңды күшіне енген қаулысының, айыптау үкімінің негізінде авиакомпания басшысы немесе басшысының міндетін атқарушы қабылдайды. Мұндай шешім авиакомпания осы тармақта көрсетілген сот қаулысын немесе үкімін алған немесе ол тиісті интернет-ресурстарда орналастырылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде қабылданады.

4. Жолаушыны авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізу туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотта дау айтылуы мүмкін.

5. Авиакомпания осы баптың 3-тармағында көрсетілген сот қаулысы не үкімі заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл өткен соң жолаушыны авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізілімінен алып тастауға міндетті.

Осы тармақта көрсетілген мерзімдер өткенге дейін осы баптың 3-тармағында көзделген сот қаулыларының немесе үкімінің күші жойылған жағдайда, күші жойылған

кезден бастап бір айдан кешіктірмей авиакомпания жолаушыны авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізілімінен алып тастауға міндетті.

6. Егер авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізілген жеке тұлға не жолаушы әуе тасымалы Қазақстан Республикасы мен жөнелту пункті немесе межелі пункт арасындағы көлік қатынасы болып табылатын жалғыз тәсіл болған кезде жөнелту пунктінен Қазақстан Республикасына әуе тасымалы Қазақстан Республикасымен көлік қатынасы болып табылатын жалғыз тәсілмен қайтып келетін болса, не Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберілуге, депортациялауға немесе реадмиссиялауға (Қазақстан Республикасының реадмиссия туралы халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасына беруге немесе қабылдауға) жататын болса, не емдеу орнына немесе кері қарай бара жатса, не мүгедектігі бар адамдар арасынан жолаушыны емдеу орнына немесе кері қарай алып жүрсе, не отбасы мүшесін немесе жақын туысын жерлеуге бара жатса не кері қайтса, бұл құжат түрінде расталатын болса, не оларды осы баптың 7-тармағына сәйкес авиакомпания әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізу туралы хабардар етілмесе немесе тиісті түрде хабардар етілмесе, авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне авиакомпания енгізген жеке тұлғаға әуе тасымалы шартын жасасудан бас тартылмайды не жолаушымен әуе тасымалы шарты тоқтатылмайды.

7. Авиакомпания жолаушыны (жеке тұлғаны) авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне оның енгізілгені туралы, сондай-ақ осы баптың 6-тармағында көрсетілген, жолаушыға (жеке тұлғаға) әуемен тасымалдау шартын жасасудан бас тартылмайтын жағдайлар туралы жазбаша түрде немесе электрондық нысанда хабардар етуге міндетті.

Хабарлама мынадай:

1) жолаушы (жеке тұлға) жеке өзі растаған ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық пошта мекенжайы бойынша мәтіндік хабар жіберілген;

2) жолаушы (жеке тұлға) жеке өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне тапсырғаны туралы жөнелтушіге қайтарылуға жататын хабарламаға қол қойғызып табыс етілетін жеделхатпен, тапсырыс хатпен хабардар етілген;

3) ол хабарламаның жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен жіберілген жағдайларда, тиісті түрде жеткізілген болып саналады.

8. Авиакомпания авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізілген жолаушының (жеке тұлғаның) дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

9. Авиакомпания авиакомпанияның әуе тасымалы шектелген адамдар тізіліміне енгізілген жолаушымен әуе тасымалы шартын тоқтатқан жағдайда, жолаушыға сатып алынған билеттің (ұшу учаскесі билетінің) толық құны өтеледі.";

57) 82-баптың 4-тармағында:

"ұшу аппаратын пайдалана отырып, авиациялық жұмыстарды орындау үшін оны" деген сөздер "авиациялық жүйелерді қолданып, авиациялық жұмыстарды орындау үшін оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұшу аппараттарын пайдалану" деген сөздер "авиациялық жүйелерді пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 86-бапта:

тақырыптағы "рейс болмаған немесе кідірген" деген сөздер "рейстің мәртебесі өзгерген" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

"рейс орындалмаған немесе кідірілген" деген сөздер алып тасталсын;

", тасымалдау маршрутының өзгеруі салдарынан рейс кідірген, орындалмаған" деген сөздер "салдарынан рейстің мәртебесі өзгерген" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Рейстің мәртебесі өзгерген кезде тасымалдаушы осындай өзгеріс туралы өзіне белгілі болған бойда жолаушыны билетті сатып алу кезінде көрсетілген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және электрондық пошта мекенжайы бойынша, сондай-ақ әуежайда:

1) рейс мәртебесінің өзгеру себептері және жаңа ұшу уақыты және (немесе) жаңа маршрут туралы;

2) егер өзгеріс осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес тасымалдаушының кінәсінен немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан болса, рейс мәртебесінің өзгеруіне байланысты тасымалдаушы ұсынатын қызметтер тізбесі туралы хабардар етеді.";

2-тармақтың бірінші абзацында:

"рейс орындалмаған немесе" деген сөздер "рейстің мәртебесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"он сағаттан астам мерзімге кідірілетін" деген сөздер "бес сағаттан астам мерзімге өзгертілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тасымалдаушы жолаушыны межелі пунктке жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін, егер мерзімін өткізіп алу еңсерілмейтін күш салдарынан орын алғанын дәлелдей алмаса, жолаушы шеккен шығындарын өтеуден басқа, егер бұл осындай мерзімін өткізіп алуға байланысты орын алған болса, мерзімін өткізіп алған әрбір сағат үшін тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

Айыппұл сомасын сатып алынған тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнынан асыруға болмайды.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Тасымалдаушы жолаушыны межелі пунктке жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл төлеуді жолаушының өтініші бойынша тасымалдаушының интернет-ресурсы және билеттер сату пункттері арқылы жүргізеді.

5. Осы бапта көзделген талаптардың бұзылуына жол берген тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

59) мынадай мазмұндағы 86-1-баппен толықтырылсын:

"86-1-бап. Талап қоюдың ескіру мерзімдері

1. Тасымалдаушы наразылықты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан не қойылған наразылыққа тасымалдаушыдан жауап алынбаған жағдайларда, тасымалдаушыға тасымалдаудан туындайтын талап қоюлар наразылық жіберілген кезден бастап он бес жұмыс күні өткен соң қойылуы мүмкін.

2. Тасымалдау шарты бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі – екі жыл.

3. Талап қоюдың ескіру мерзімі талап қоюға негіз болған оқиға басталғаннан кейінгі келесі күннен бастап есептеледі.";

60) 90-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"орналасқан объектілердің, электр беру желілерінің, басқа да бөгеттердің құрылысы" деген сөздер "кедергілер болып табылатын объектілерді салу, электр беру желілерін орнату және басқа да құрылысжайларды орналастыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"электромагниттік, жарық арқылы, акустикалық, корпускулярлық" деген сөздер " радиотолқындық, көрінетін, акустикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жиналуына немесе ұшу көрінісінің нашарлауына әкеп соғатын" деген сөздер " жиналуы үшін жағдай жасайтын немесе ұшу көрінісін нашарлататын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсат алу мыналарды:";

2) тармақшада:

"және жарық беретін сигнал жабдықтарының қалыпты жұмыс істеуі үшін кедергі келтіруі" деген сөздер ", жарық беретін сигнал жабдықтарының қалыпты жұмыс істеуі үшін кедергі келтіруі, ұшқыштардың көзінің шағылысуына себеп болуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"радио, электромагниттік және жарық арқылы" деген сөздер "радиотолқындық және көрінетін электромагниттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "құрылыстарды орналастыру үшін талап етіледі." деген сөздер "құрылысжайларды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) әуеайлақтың бақылау нүктесінен он үш километр радиуста аң өсіру фермаларын , мал сою орындарын және ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын басқа да объектілерді салу, орнату, орналастыру, кеңейту, реконструкциялау немесе техникалық қайта жарактандыру үшін талап етіледі. Мұндай қызмет, егер ол әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларында айқындалатын өлшемшарттарға сәйкес құстардың топталып жиналуына алып келмесе және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірмесе ғана мүмкін болады.";

3-тармақта:

орналастыру" деген сөз "салу, орнату, орналастыру, кеңейту, реконструкциялау немесе техникалық қайта жарактандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әуеайлақтың бақылау нүктесінен он үш километр жақын қашықтықта құстардың топталып жиналуына алып келетін және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қалдықтарды тастайтын орындарды орналастыруға тыйым салынады.";

61) 91-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының азаматтық әуеайлақтарының" деген сөздер "азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 92-бапта:

тақырыптағы "оқиғалар мен инциденттер" деген сөздер "жағдайлар, оқиғалар мен оқыс оқиғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төнген, зақымдануы немесе жоғалуы және (немесе) осы әуе кемесінде болған адамдардың қаза болуы орын алған әуе кемесін ұшуға пайдаланумен байланысты жағдай мемлекеттік авиациядағы авиациялық жағдай деп танылады.

6. Азаматтық авиациядағы авиациялық жағдай деп ұшу қауіпсіздігін бұзуға байланысты қатер төндіретін немесе егер мұндай жағдай түзетілмесе немесе жойылмаса, әуе кемесінің, оның бортындағы адамдардың немесе басқа да адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға, сондай-ақ кез келген басқа жағдай танылады.";

63) мынадай мазмұндағы 92-1, 92-2 және 92-3-баптармен толықтырылсын:

"92-1-бап. Авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесі

1. Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық жағдайларды болғызбау үшін ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыру авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсынудың мақсаты болып табылады.

2. Авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесін ендіру әділ мәдениет қағидатына негізделуге тиіс.

3. Авиация персоналы және пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдарының өзге де жұмыскерлері ұшу қауіпсіздігіне елеулі тәуекел туғызуы мүмкін және авиациялық жағдайлар туралы хабарлау авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті түрде ұсыну жүйесі арқылы жүзеге асырылатын авиациялық жағдайлардың санаттарына жататын авиациялық жағдайлар туралы құлақтандыруға міндетті.

Деректерін ұсыну авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті түрде ұсыну жүйесі арқылы жүзеге асырылатын авиациялық жағдайлардың санаттары, сондай-ақ осы санаттағы авиациялық жағдайлар туралы деректерді ұсынатын тұлғалардың тізбесі азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленеді.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тізбеде көзделмеген авиация персоналы және пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының өзге де жұмыскерлері құлақтандыруға міндетті санатқа жатпайтын авиациялық жағдайлар туралы, егер олар ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ақпаратқа жататын болса, сондай-ақ егер мұндай ақпарат ұшу қауіпсіздігіне нақты немесе ықтимал қатер төндіретіндей қабылданатын болса, авиациялық жағдайлар туралы деректерді ерікті түрде ұсыну жүйесі арқылы хабарлайды.

5. Авиациялық жағдай туралы ұсынылған деректерді алғаннан кейін пайдаланушы мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес жиналған жағдайлардың анық-қанығын:

- 1) авиациялық оқиғалар үшін – жиырма төрт сағаттан кешіктірмейтін;
- 2) басқа авиациялық жағдайлар үшін жетпіс екі сағаттан кешіктірмейтін мерзімде хабарлайды.

6. Сапаны қамтамасыз ету мақсатында ұсынылатын деректерде барынша аз ақпарат қамтылуға тиіс, оған қойылатын талаптар авиациялық жағдайдың санатына қарай өзгеруі мүмкін және азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес белгіленеді.

7. Авиациялық жағдайлар туралы деректерді ұсыну жүйесіне қойылатын жекелеген талаптар және деректерді ұсыну тәртібі азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында және әуежайларда әуе қозғалысына қызмет көрсету

кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, қызметі көрсетілетін қызметтерді ұсыну барысында әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтарының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулықтарда белгіленеді.

8. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары ішкі қағидаларды, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты қабылдау арқылы авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесін ендіреді және қолдап отырады.

9. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары авиациялық жағдайлар туралы ақпаратты электрондық дерекқорларда сақтауға тиіс, олар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық жағдайлар дерекқорымен үйлесімді болуға тиіс.

10. Сертификатталған ең жоғары массасы екі мың екі жүз елу килограмнан асатын әуе кемелерімен және (немесе) турбореактивті қозғалтқышы бар ұшақтармен болған авиациялық оқиғалар туралы ақпараттық есептер Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ИКАО) жіберіледі.

11. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен бірлесіп, осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес алынған деректерді тәуелсіз жинау, бағалау, өңдеу, талдау және сақтау үшін тетік құрады. Ұсынылған деректерді өңдеу ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен арттырудан басқа, ақпаратты өзге мақсаттарда пайдалануды болғызбау ниетімен жүзеге асырылуға тиіс және әділ мәдениетті іске асыру мақсатында хабарлаушы адамның және авиациялық жағдайлар туралы есептерде аталған адамдардың жеке басының құпиялылығын тиісті түрде қамтамасыз етуге тиіс.

12. Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық жағдайлардың санаттары азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалады.

92-2-бап. Авиациялық жағдайлар туралы ақпараттың құпиялылығы, оны тиісінше пайдалану және ақпарат көзін қорғау

1. Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық жағдайлар туралы деректер тиісті түрде қорғалуға тиіс және оларды жинау олардың құпиялылығына кепілдік беру, авиациялық жағдайлар туралы есептерде көрсетілген адамдардың дербес деректерін қорғау және авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиациядағы өзге де жұмыскерлердің авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесінің беріктігіне сенімділігін қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етілуіне тиіс.

2. Авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының өзге де жұмыскерлері өздері берген ақпарат негізінде жұмыс берушісі тарапынан тәртіптік жазаға және (немесе) материалдық жауаптылыққа тартылмауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары мынадай жағдайлардың бірі:

1) әдейі жасалған теріс қылық;

2) шынайы тәуекелді айқын елемеу және адамның өмірі мен денсаулығына болжауға болатын зиян келтіруге, мүлікке нұқсан келтіруге алы пкелген немесе ұшу қауіпсіздігінің деңгейін елеулі түрде төмендеткен лауазымдық міндеттерді сақтамау орын алған кезде қолданылмайды.

3. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары авиациялық жағдайлар туралы ақпаратты:

1) авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын адамдарға кінәні немесе жауаптылықты жүктеу;

2) ұшу қауіпсіздігін қолдаудан немесе арттырудан басқа кез келген өзге де мақсаттар үшін бермеуге немесе пайдаланбауға тиіс.

4. Авиациялық жағдай туралы есепте аталатын және дәл сол жағдайлар туралы өзіне белгілі болған кезден бастап хабарлауға міндетті болған, жұмыс берушінің ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде қасақана хабарламаған азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскері жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

5. Егер тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қозғалған болса, авиациялық жағдайлар туралы есептерде камтылған ақпарат авиациялық жағдайлар туралы құлақтандырған азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскеріне немесе авиациялық жағдайлар туралы есепте аталған адамға қарсы пайдаланылмайды.

6. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары жұмыскерлермен консультациядан кейін әділ мәдениетті іске асыру тәртібін белгілейтін ішкі қағидаларды қабылдайды. Әділ мәдениетті іске асыру осы Заңның 92-1 және 92-3-баптарының және осы баптың ережелеріне, сондай-ақ азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларында көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

7. Авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының жұмыскерлері туралы ақпаратқа, олардың дербес деректеріне авиациялық жағдайлар туралы есептерді жинауға, бағалауға, өңдеуге, талдауға және сақтауға тікелей тартылған пайдаланушының және азаматтық және эксперименттік авиация ұйымының жұмыскерлері ғана қол жеткізе алады.

8. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру талаптарына сәйкес талап етілетін жағдайларды қоспағанда, авиациялық жағдайлар туралы хабарлайтын немесе есептерде аталатын адамдардың дербес деректері жария етілмейді, дерекқорларға енгізілмейді және қолжетімділігі шектеулі ақпарат болып табылады.

9. Авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласының өзге де жұмыскерлері осы бап ережелерінің бұзылуы туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға хабарлауға құқылы және бұл үшін жұмыс беруші оларды жауаптылыққа тартпауға тиіс.

92-3-бап. Авиациялық жағдайларды талдау және тиісті (түзетуші) шараларды қабылдау

1. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары анықталған авиациялық жағдайларға байланысты ұшу қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді анықтау мақсатында авиациялық жағдайларды талдау процесін әзірлейді.

2. Талдау нәтижелері бойынша пайдаланушы мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымы ұшу қауіпсіздігі саласындағы нақты немесе ықтимал кемшіліктерді жою үшін қажетті кез келген тиісті түзету немесе алдын алу іс-қимылдарын:

1) осы іс-қимылдарды уақтылы орындай отырып;

2) іс-қимылдардың іске асырылуы мен тиімділігін мониторингтеу процесін белгілей отырып айқындайды.

3. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары авиация персоналы мен азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы өзге де жұмыскерлерге авиациялық жағдайлар туралы деректерді міндетті және ерікті түрде ұсыну жүйесі шеңберінде талдау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы ақпаратты ұдайы беруге тиіс.

4. Пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары өз талдауларының алдын ала нәтижелерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жіберуге, сондай-ақ түпкі нәтижелерді, егер бұл нәтижелер ұшу қауіпсіздігі үшін нақты немесе ықтимал тәуекелді сәйкестендірсе, жіберуге тиіс.

5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым пайдаланушылар мен азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдары ұшу қауіпсіздігі саласындағы нақты немесе ықтимал кемшіліктерді жою үшін қажетті түзету немесе алдын алу іс-қимылдарын талдау және орындау бойынша жүргізетін жұмыстарға мониторингті жүзеге асырады.";

64) 93-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігінде:

"оқыс оқиғаларды" деген сөздер "оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші сөйлем "органға" деген сөзден кейін "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі және 5-тармақтағы "оқиғаларды" деген сөз "оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

65) 93-1-баптың 4-тармағында:

3) тармақша "оқиғаларды тергеп-тексеру" деген сөздер "оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша "оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу" деген сөздер "оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 94-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"94-бап. Мемлекеттік авиация саласындағы авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды сыныптау және есепке алу

1. Мемлекеттік авиация саласындағы авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды сыныптауды және есепке алуды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды сыныптау және есепке алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалады.

3. Мемлекеттік авиация саласындағы авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды есепке алу үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты немесе ықтимал кемшіліктер туралы ақпарат жинауға жәрдемдесу мақсатында авиациялық оқиғалар немесе оқыс оқиғалар туралы деректерді ұсыну жүйесін құрады.

Осы жүйені құру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалады.";

67) 105-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінің жетінші абзацы "кемесін" деген сөзден кейін "адамды" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) авиациялық жұмыстарды орындау кезінде пилотсыз авиациялық жүйеге бөгде адамдардың кіруін болғызбау;"

"2-1) пилотсыз әуе кемесін сақтау орнына заңсыз кіру және бағдарламалық қамтылымның және (немесе) жабдықтың конфигурациясын заңсыз өзгерту мүмкіндігін болғызбайтын пилотсыз авиациялық жүйені тиісінше сақтау;"

3) тармақша "кемелерінде" деген сөзден кейін ", оның ішінде пилотсыз әуе кемелерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "кемелерін" деген сөзден кейін ", пилотсыз авиациялық жүйелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-3) және 6-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-3) азаматтық авиация мақсаттары үшін пайдаланылатын ақпараттық технологиялар мен байланыс технологияларының және деректердің маңызды жүйелерінің қауіпсіздік шаралары;

6-4) пилотсыз авиациялық жүйелерді құқыққа қарсы пайдалануды болғызбайтын бағдарламалық-техникалық құралдармен пилотсыз авиациялық жүйелерді жарақтандыру;"

3-тармақтағы "нұсқаулықтың" деген сөз "нұсқаулықтан үзінді көшірменің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, пилотсыз авиациялық жүйені бөгде адамға беруге тыйым салынады.";

4-1-тармақтағы ", сынақтар мен шолулар" деген сөздер "мен сынақтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

1) тармақшада:

"пайдаланушылар мен" деген сөздер "пайдаланушыларды," деген сөзбен ауыстырылсын;

"пайдаланушыларды және" деген сөздер ", авиациялық жұмыстарды орындайтын пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушыларды және" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "қызметінің қарап тексеруін ұйымдастыруды" деген сөздер "қызметін" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "жүргізу;" деген сөз "жүргізу арқылы жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылып, 8) тармақша алып тасталсын;

10-тармақтағы "және авиациялық қауіпсіздіктің жай-күйіне шолуларды" деген сөздер алып тасталсын;

68) 106-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "бірінші басшысына тікелей бағынатын және оның Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша тағайындалатын орынбасары (аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысын қоспағанда) болып табылатын" деген сөздер ", сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің бірінші басшысына тікелей бағынатын және оның орынбасары болып табылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша тағайындалатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ 5) тармақшасындағы "басшысына жүктеледі." деген сөздер "басшысына;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"6) пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушыға жүктеледі.";

69) 107-баптың 3-тармағындағы "сыныпталмайтын әуеайлақта, уақытша әуеайлақта," деген сөздер "сертификатталмайтын әуеайлақта (тікұшақ айлағында), уақытша әуеайлақта (тікұшақ айлағында) және" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 134-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) автомобиль жолдары туралы заңнамаға сәйкес жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау, сондай-ақ жол активтерін басқару;"

2) 140-баптың 2-1-тармағы алып тасталсын.

23. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

1) және 1-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) автоматтандырылған электрондық кезек жүйесі (бұдан әрі – электрондық кезек жүйесі) – автомобиль көлігі құралдарының Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль өткізу пункттеріне кіру уақытын броньдауға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен;

1-1) арнаулы құралдар – құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу не әскери қызметшілерді, уәкілетті органдардың қызметкерлерін және Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын азаматтарды жеке қорғау және бүркемелеу мақсатында құқық бұзушыларға, олар пайдаланатын көлік пен объектілерге дене күшімен, жарақаттау арқылы, химиялық, электрлік, психологиялық, назарын басқа жаққа аудару жолымен немесе өзге де әсер етуге арналған құралдар;"

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қамтамасыз ету – пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге тартылған және арналған адамдарды, багажды және жүктерді кемелермен тасымалдау жөніндегі қызмет, сондай-ақ пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды қолдап отыру үшін пайдаланылатын Қазақстан Республикасының порттарына, теңіз терминалдарына, айлақтық құрылысжайларына және арналарға қызмет көрсетуге және оларды пайдалануға кемелерді пайдаланумен байланысты қызмет;"

2) 14-баптың 6-тармағының 2) тармақшасындағы "пилотсыз ұшу аппаратын" деген сөздер "пилотсыз әуе кемесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың 5-тармағының 3) тармақшасындағы "пилотсыз ұшу аппаратын" деген сөздер "пилотсыз әуе кемесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 19-бап мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Автомобиль көлігі құралдарын, жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы, оның ішінде электрондық кезек жүйесін пайдалана отырып өткізу Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісу бойынша салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ақылы негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулысы және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамасы, ақылы автомобиль жолдарымен (учаскелерімен) жүріп өткені үшін берешегі бар автомобиль көлігі құралдарының иелері – бейрезиденттер және электрондық кезек жүйесін пайдаланушылар – бейрезиденттер мұндай төлемдер мен айыппұлдарды төлегенге дейінгі электрондық кезек жүйесінде тіркелуге жатпайды.

Электрондық кезек жүйесін әзірлеуді, ендіруді және оның жұмыс істеуін, сондай-ақ автомобиль көлігі құралдарын, жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізгені және электрондық кезекті брондағаны үшін төлемақы алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісу бойынша салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және кеден ісі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдану не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тетіктерді қолдану арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі шеңберінде электрондық кезек жүйесін пайдалана отырып, автомобиль көлігі құралдарын, жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу кезінде ақы төленетін өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсынуға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, автомобиль көлігі құралдарын, жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізгені, сондай-ақ олардың электрондық кезек бойынша өткені үшін төлемақы мөлшерін монополияға қарсы органмен келісу бойынша салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

5) 30-баптың 4) тармақшасындағы "өзге де, оның ішінде пилотсыз ұшу аппараттары" деген сөздер "өзге де ұшу аппараттары, оның ішінде пилотсыз әуе кемелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 49-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "аппаратты" деген сөз "әуе кемесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 56-баптың 36-1) тармақшасындағы "ұшу аппараттарын" деген сөздер "әуе кемелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 73-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларындағы "аппараттарға", "аппараттар", "аппараттарды" деген сөздер тиісінше "әуе кемелеріне", "әуе кемелері", "әуе кемелерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

77-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарын есепке алу және оқу топтарын тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады."

25. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2-тармағының 20-1) тармақшасындағы "ұшу аппараттарын" деген сөздер "әуе кемелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 23-бапта:

1-тармақтың 11) тармақшасындағы "ұшу аппараттарының" деген сөздер "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 9) тармақшасындағы "ұшу аппараттарына" деген сөздер "әуе кемелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 24-баптың 1-тармағының 15) тармақшасындағы "ұшу аппараттарының" деген сөздер "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 25-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "ұшу аппараттарының" деген сөздер "әуе кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3-тармағы 21) тармақшасының жиырма екінші абзацындағы "жүру жолында" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң:

1) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын, 15-тармағы 1) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын, 3) тармақшасының төртінші – оныншы абзацтарын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының үшінші абзацын, 3) тармақшасын, 2-тармағын, 3-тармағының 2) тармақшасын, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтарын, 13-тармағының 1) тармақшасын, 14-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацын, 6) тармақшасының үшінші абзацын, 8) тармақшасының бірінші – үшінші абзацтарын, 11) тармақшасын, 12) тармақшасының

төртінші және бесінші абзацтарын, 15-тармағы 1) тармақшасының бірінші – бесінші абзацтарын, 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 3) тармақшасының бірінші – үшінші абзацтарын, 4) – 9) тармақшаларын, 16-тармағын, 17-тармағы 1) тармақшасының екінші – алтыншы абзацтарын, 2) – 12), 14) және 15) тармақшаларын, 18, 19 және 20-тармақтарын, 21-тармағы 1) тармақшасының бірінші – он екінші, он төртінші – жиырма төртінші, жиырма алтыншы – қырық екінші абзацтарын, 2) – 10) тармақшаларын, 11) тармақшасының бірінші – он сегізінші, жиырма бірінші – жиырма үшінші абзацтарын, 12) тармақшасын, 13) тармақшасының бірінші, екінші, бесінші – жиырма үшінші абзацтарын, 14) – 17), 20) – 28) тармақшаларын, 29) тармақшасының бірінші – он екінші, он төртінші – он жетінші абзацтарын, 30) – 32) тармақшаларын, 33) тармақшасының бірінші – үшінші, бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 34) – 45) тармақшаларын, 46) тармақшасының бірінші – тоғызыншы, он бірінші абзацтарын және 47) – 69) тармақшаларын, 23-тармағының 2), 3), 5) – 8) тармақшаларын, 24, 25 және 26-тармақтарын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағының 2) тармақшасын, 23-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацын және 4) тармақшасын;

4) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 21-тармағы 1) тармақшасының он үшінші абзацын, 11) тармақшасының он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтарын, 13) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 18) және 19) тармақшаларын, 33) тармақшасының төртінші абзацын және 22-тармағының 2) тармақшасын;

5) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14-тармағы 8) тармақшасының төртінші – алтыншы абзацтарын, 21-тармағы 1) тармақшасының жиырма бесінші абзацын, 29) тармақшасының он үшінші абзацын және 46) тармақшасының оныншы абзацын;

6) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17-тармағы 1) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын және 13) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ